

ЗАН

№1 | 2024



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
ЮРИДИЧЕСКИЙ НАУЧНО-
ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ZANMEDIA.KZ

ӨМІРДЕН ОРНЫН ТАПҚАН АЗАМАТ



Мое кредо – самореализация и новые творческие идеи! В сегодняшней реальности появляются разные мифы, всякие вымыслы и какие-то факты воспринимаются как подлинная история. Поэтому надо читать первоисточник, для этого есть наши архивы, где нужно читать, изучать и делать выводы.



ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№1 | 2024

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор

Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

АЛАУХАНОВ Е. з.ғ.д.,
профессор

ӘБДІРАСҰЛОВ Е. з.ғ.д.

ӘБДІРАСҰЛОВ Б. б.ғ.д.,
профессор

БЕКТҰРҒАНОВ Ә. з.ғ.д.,
профессор

ДОСАЛИЕВ Қ. з.ғ.д.

СӘБІКЕНОВ С. з.ғ.д.,
профессор

БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.
профессор (Қырғызстан)

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

МАЗМҰНЫ

Өмірден орнын тапқан азамат
М. ФАЗЫЛОВА.....4

Рецепт счастливой жизни
Г. САЛЫК.....9

Неке келісімі — ерлі-зайыптылардың құқығы
Ж. БАУЫРЖАН13

Инклюзивное образование: особенности и перспективы
развития
Ж. НУРМАХАНОВА.....16

Сот жүйесіндегі тіл саясаты
Б. ШАНКЕРЕЕВ.....19

Атқарушылық әрекеттерді жасау орны мен уақыты
Т. ЭБУОВ.....21

Инструменты правосудия
И. КАРКАДА24

Жемқорлықпен күрес – баршаға ортақ іс
Д. БУЛТЫКОВА.....28

Отбасылық соттар жұмысы жандануда
Б. ЖУСУПОВА.....31

Мәмілелердің мазмұны заң талаптарына сай келуі тиіс
Д. ЖОЛБОЛДИЕВА.....33

Векторы разрешения трудовых споров
М. ЗАЙНУЛИНА.....36

Банкроттыққа жүгіну тәртібі
С. ЖУМАШКИНА.....38

Оплата нотариальных услуг
С. МАМАНОВА.....40

ӨМІРДЕН ОРНЫН ТАПҚАН АЗАМАТ

Бүгінгі кейіпкеріміз – еліміздің тыныштығын сақтап, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандығын, мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігін қорғау жолында адал еңбегімен ортасына сыйы артып жүрген білікті маман Асылан Сансызбаев. Полиция майоры Асылан Сансызбайұлы – Батыс Қазақстан облысы, Бөкей ордасы аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінде учаскелік полиция пунктінiң жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторы.

Әр тәртіп сақшысының қызметтік ұраны «Белгілі бір аумақтағы адамдардың қалыпты өмір сүруі үшін мен не істей аламын?» деген сұрақтың шешімін табу жолында жұмыстану десек, Бөкей ордасы ауданы Орда ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы ретінде заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту ісіне үлесін қосып, қылмысқа, құқықбұзушылыққа қарсы күресте қажырлы еңбек етіп жүрген полиция инспекторымен сыр-сұхбат жасаған едік.



– Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданына қарасты Егіндікөл ауылында дүниеге келдім. Әкем Сансызбай Қуанышқалиев ауылда тұтынушылар одағының төрағасы болып қызмет атқарды. Бірақ, өмірі тым қысқа болды, отыз бір жасында жол-көлік апатынан қаза тапты. Анам Қанипа Уапқызы жиырма тоғыз жасында үш баламен жесір қалды. «Ер мен әйел тең болса, айы күндей өтеді, жалғыз қалса біреуі, іштей тынып өтеді» деген күн туыпты анамның басына. «Жетім ету – Алланың қалауы, жетімсіретпеу – адамның қалауы» дегендей, қайын жұрты мен төркіні, достары мен жанашыр жандардың көмегі мен жан жылуынан күш алған, табиғатынан алғыр анам бойын тез тіктеп, алға ұмтылыпты, – деп Асылан Сансызбайұлы салмақты қалыппен өткен жылдарға ой жүгірте отырып, әңгімесін бастады.

Иә, «жаңбыр-жаңбырдың арасында жан баққан» сол қиын шақтарда қайсарлығымен, еңбекқорлығымен еңсесі биік шыққан Қанипа апай ұл-қыздарының еңбекке бейім, үлкен-кішіге қамқор болып өсуі жолында аянбай, тәлімді тәрбие бере білді. Әйтпесе «Арық атқа қамшы ауыр, жыртық үйге тамшы ауыр» болған сонау тоқсаныншы жылдары нар жүгін көтерер «мен» деген азаматтардың өзі шайқалып кеткен шақта Қанипа Уапқызы тәуелсіздіктің елең-алаң өтпелі кезеңінде қап арқалап, отқа да, суға да түсіп, күн мен желге қақталып, заманның, уақыттың барлық қиындығын, қияметін қасқайып тұрып қарсы алып, жоқтан бар жасап, отбасын асырады. Халқымыздың өзге де қайсар әйел аналарындай медбикелік қызметін тастап, отбасының қамы, балаларының болашақта қаржыдан қысылмауы үшін ауыл мен Алматының арасын жол қылып, сауда жасауға шығыпты. «Өткен күннен жақсы жоқ, келер күннен тәтті жоқ» деп тарығуын төзімге жеңдірген асыл ананың көрген бейнетінің зейнетін ақылды қос қызы мен көзінің нұры жалғыз ұлы бүгінде өтеп отыр. Тұңғыш қызы Гүлнараның мамандығы дәрігер-терапевт болса, екінші қызы Мөлдір бухгалтер-экономист болып қызмет етеді. Күйеу балалары Нұржан вахталық

әдіспен еңбек етсе, Еркебұлан – полиция қызметкері.

– «Тар пейілді – кеңімес, кең пейілді кемімес» деген, біздің қанатымыздың бекіп, бұғанамыздың қатаюына аяулы анамның сіңірген өлшеусіз еңбегімен бірге әкемнің туған інісі Бейбіт көкемнің қосқан үлесі зор. Ер азаматтың бойынан табылар жоғары қасиеттерді көкем маған өз ісімен үлгі етіп, әкемнің орнын жоқтатпауға тырысып, әркез қамқорлық танытып келеді. Өзімнің жасым қырыққа таяп қалса да, Бейбіт көкем әлі күнге ақыл-кеңесін айтып отырады, – деген тәртіп сақшысының әңгімесін тыңдай отырып, туған-туыстың арасындағы жарасымды татулыққа дән риза боласың.

– «Қиындыққа мойыма, ұмтылдағы іспен жең. Мақсатсыз жан өмірде қанаты жоқ құспен тең» демекші, арманыңызды ақиқатқа айналдыру жолында қалай тер төктіңіз?

– 1990–2001 жылдары Егіндікөл орта мектебінде білім алдым. Бала кезімнен полиция қызметкері болуды армандадым. Сол арманмен мектепті бітіріп, Ақтөбе заң колледжіне оқуға тапсырдым. Қанша талпынғаныммен, сынақтан өте алмадым. Анам мені ақылы негізде оқытқысы келді, бірақ мен ақылы оқуды қаламадым. Үй шаруашылығына көмек беріп, тыңғылықты әзірлендім. М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің экономика факультетіне грант негізінде оқуға түстім. 2003–2005 жылдары М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің жанындағы әскери кафедрада оқып, «запастағы офицер-лейтенант» шенін алдым.

Жоғары оқу орнын тәмамдаған соң, Ақтөбе қаласындағы медициналық институтта оқып жатқан Гүлнара апамның шақыртуымен осы қаладағы «Нұрдәулет» сауда үйінде күзетші болып істеп, алғашқы нәпақамды таптым. Әскери кафедрада оқығандықтан, 2007–2009 жылдары Орал газ-мұнай салалық технологиялар колледжінде алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі және Батыс Қазақстан инженерлік-технологиялық колледжінде экономика



пәнінің мұғалімі болып еңбек еттім. 2010–2012 жылдары Ақтау қаласындағы №25744 Теңіз-жаяу әскер бөлімінде взвод командирі болып қызмет атқарып, аға лейтенант шенінде келісімшартымды тоқтатып, ішкі істер құрылымында қызмет етуге нық бекіндім, – дейді жігерлі жігіт.

Асылан Сансызбайұлы балалық арманына қалайда қол жеткізу мақсатымен Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университетінің заңтану факультетінде «Құқықтау» мамандығы бойынша білім алады. 2013 жылы Қазақстан Республикасының ішкі істер саласындағы абыройлы еңбек жолы басталды. 2013 жылы Атырау қалалық мамандандырылған күзет қызметі басқармасы мемлекеттік мекемесінің инспекторы болып тағайындалып, екі ай Семей қаласында машықгерлік тағылымдамадан өтті.

– Еңбек жолында өзіңіз үлгі тұтқан, Сізді қолдаған әріптестеріңіз болды ма?

– Бөкей ордасы ауданына қарасты Мұратсай ауылдық округінде тұратын нағашы апам Света Хамзина маған үнемі өзі тұратын ауылына тәртіп сақшысы болып келсеңші дейтін. Нартәуекел деп шешім қабылдап, 2017 жылы жайлы тұрмысқа негізделген қаладағы үйім мен жұмысымды ауылға айыр-

бастадым. 2017–2022 жылдары Бөкей ордасы аудандық полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторы ретінде Мұратсай ауылдық округінде қоғамдық тәртіпті қадағаладым. Бөкей ордасы аудандық ішкі істер бөлімінің сол кездегі басшысы, полиция полковнигі Абай Алдабергенов пен Сайқын ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры Қайрат Файсиннің тәжірибесінен үйренгенім көп.

Бөкей ордасы аудандық полиция бөлімінің қазіргі басшысы, полиция подполковнигі Бақберген Молдағалиев пен Ақтау қаласындағы №25744 Теңіз-жаяу әскер бөлімінің командирі, полковник Қаныш Әубәкіровтің тарапынан қызметімді абыройлы атқару барысында көрген қолдауым зор. Мұратсай ауылдық округіндегі құқықбұзушылықтың алдын алу, діни экстремизм, нашақорлық, ұйымдасқан қылмыстық топтармен күресу, бөтеннің мүлкін иемденушілерді анықтау, діни теріс ағымға түскендермен профилактикалық жұмыс жүргізу, жастар мен жасөспірімдердің арасындағы құқықтық тәртіпті нығайту жолында уақытпен санаспай, ауылдың сол кездегі әкімі Жалғас Ташумовпен тығыз әріптестікте адал еңбек еттім.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев

«Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты халыққа арнаған жолдауында: «Бірнеше өңірде полицияның сервистік моделі пилоттық режимде жұмыс істей бастады. Келесі кезең – оның ауқымын кеңейту. Бұл жұмыстың табысты болуы көбіне жергілікті билік органдарының осы үдеріске қатысуына байланысты болады. Олар жаңа өзгерістердің мән-маңызын түсініп, полицияға қолғабыс етуі тиіс», – деген болатын. Басты міндетіміз – құқықбұзушылықтың алдын алып, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болғандықтан, жерлестеріміздің қолдауы біз үшін аса қажет. Қашанда қоғаммен, жергілікті атқарушы билік органдарымен бір бағытта жұмыс жасаудың нәтижесі жоғары болады.

Жұмыста жоғары нәтижеге жетіп, қызметте сатылап өсіп, лейтенант шенімен еңбек жолын бастаған жігіт полиция майоры атанды. 2022 жылдан қазіргі уақытқа дейін Батыс Қазақстан облысы, Бөкей ордасы аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің учаскелік полиция пунктін жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторы болып абыройлы қызмет атқарып келеді.

– Мемлекетіміз бен қоғамымыз тәртіп сақшыларына терең жауапкершілік жүктейтіні ақиқат. Ауылда қандай құқықбұзушылықтар жиі көрінеді?

– «Көл толқыса – көбігі бетіне шығады, ел толқыса – тентегі шетке шығады» демекші, қым-қуыт күнделікті қызметімізде қатыгездік пен қорқаулық, ашкөздік пен қаныпезерлік сынды қасиетсіз қылықтармен бетпе-бет келіп жатамыз. Өзім қызмет атқарып отырған Орда ауылдық округі – үш мыңға жуық халқы бар үлкен ауыл. Неше түрлі құқықбұзушылықтар болып жатады. Мысалы, ауылдық жерде көбінесе мал ұрлығы, отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер орын алады. Отбасы мүшелері мен өзгеге тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау қылмыстары да көрініс береді.

Сонымен қатар, мал жаю қағидалары бұзылады, ортақ пайдаланылатын орын-

дарды ластау, алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу, ішімдік ішіп көлік жүргізу, кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғынжайдан тыс жерде болу оқиғалары, азаматтық және қызметтік қару айналымы қағидаларын бұзу, иесінің сеніп тапсырған мүлкін талан-таражға салу, келіспей қалу дерегі бойынша тіркеліп отыр.

– Қылмыстың ашылу деңгейі халық көңілінен шыға ма?

– Өткен жылдың он бір айы ішінде Орда ауылдық округі бойынша 105 әкімшілік құқықбұзушылықты анықтап, 1 300 709, 625 теңге айыппұл салынды және ол жүз пайыз өндірілді. Тіркелген сегіз қылмыстың жетеуі ашылды. Алты қылмыс мал ұрлығы, бір қылмыс адам өлтіру дерегі бойынша тіркеліп отыр. «Жұмақты жасауға болады, бірақ оны тамұқтағыдай азапты еңбекпен жасайды» деген екен бір данагөй.

Жүйіткіген уақыттың жалына жармасып, қатарымнан кейін қалмау үшін, көштің соңында жүрмеу үшін үздіксіз ізденіп, талмай еңбектенуім қажет деп өзімді әрдайым қамшылап отырамын. Біздің салада белгіленген кестеге сай уақыт режимі жоқ, сондықтан әрқашан физикалық, моральдық-психологиялық тұрғыдан түрлі жағдаятқа дайын жүреміз. Заң шеңберінде жұмыс істеп, қылдай қиянатқа бармай, қашанда



қиындыққа төзіп, салқын сабырмен ақылды алдыма салып, абыройыма кіршік түсірмей, еліме қызмет ету азаматтық парызым. Біздің еңбегіміздің бағасын халық береді.

«Жар алдында беделді азамат ана алдында бас иіп тұрады, ері алдында төмендеген әйел ар алдында биік тұрады» демекші, дос-жолдастарым, ағайын-туыстарым мен әріптестерімнің алдында беделімнің биік, абыройымның асқақ болып, жұмысымның ілгері басуына Азиза, Сәбина, Мәриям, Әміре атты ұл-қыздарымның анасы, отбасымыздағы ынтымақтың ұйытқысы, бірліктің бастауы, Орда ауылдық округіндегі балабақшада педагог-психолог болып қызмет атқаратын зайыбым Лунара Бауыржанқызының ақыл-парасаты мен көрсетіп отырған қолдауына, қосқан үлесіне әрдайым ризамын», – деген Асылан Сансызбайұлының сөзінен бала кезден сүйіп қалаған мамандығына, отбасына деген құрметті, сүйіспеншілікті айқын аңғардым.

ЖЕТІСТІКТЕРІ

Қызметтік міндетін адал атқарғаны, жұмыста жоғары нәтижеге жеткені, Бөкей ордасы ауданында заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту ісіне қосқан үлесі, қылмысқа қарсы күресте, ел азаматтарының конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау жолында адал еңбек еткен Асылан Сансызбаев «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 20 жыл» медалімен марапатталып, 2018 жылы Мұратсай ауылдық округі бойынша «Үздік полиция қызметкері – 2018», 2022 жылы Орда ауылдық округі бойынша «Үздік полиция қызметкері – 2022» аталымына ие болды.

2019 жылы 25 маусымда үздік учаскелік полиция инспекторларын анықтау мақсатында Батыс Қазақстан облыстық полиция департаментінде оздырылған «Мамандығы бойынша үздік учаскелік полиция инспекторы» байқауына қатысып, Бөкей ордасы ауданы бойынша «Үздік учаскелік полиция инспекторы» жеңімпазы атанып, БҚО полиция департаменті бастығының міндетін атқарушы, полиция полковнигі С. Сүйінбаевтың атынан грамотамен марапатталды. 2019 жылы ҚР Ішкі істер органы ішін-

дегі учаскелік полиция инспекторларының слетіне қатысқаны үшін Ішкі істер министрлігі әкімшілік полиция комитетінің төрағасы, полиция полковнигі М. Байболовтың атынан куәлікке ие болды. Бөкей ордасы ауданының қоғамдық тәртібін қатаң сақтап, ел тыныштығын мүлтіксіз күзеткені, қызметтік борышын және қойылған міндеттерді мінсіз орындағаны үшін Бөкей ордасы ауданының әкімдері Н.Рахымжанов, Н.Дауымов, Мұратсай ауылдық округінің әкімі Ж.Ташуовтың атынан Алғыс хатқа ие болды.

2023 жылдың 20 желтоқсанында «Bilim-orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы мен «Жаңа Қазақстан» республикалық қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауындағы басымдықтарды жүзеге асыру, тәуелсіздік жылдары өз мамандығының хас шебері атанып, еліміздің дамуына үлес қосып жүрген елжанды азаматтарды қоғамда кеңінен насихаттау, өскелең ұрпаққа үлгі ету мақсатында Астана қаласында өткен «Жаңа Қазақстанның ЖЫЛ АДАМЫ» атты республикалық байқауға қатысқан Асылан Сансызбайұлы заң саласының дамуына қосқан елеулі үлесі мен мінсіз қызметі үшін жеңімпаз атанып, «Жаңа Қазақстанның ЖЫЛ АДАМЫ» орденімен, I дәрежелі дипломмен марапатталып, арнайы статуетканы иеленді.

PS. Атқарылған істер бар деп тоқмейілсіп отырмай, атқаратын жұмыс көп деп әріптестерімен иық тіресе, уақытпен санаспай, жұдырықтай жұмыла аянбай еңбек етіп, азаматтық болмысына кіршіксіз қылау түсірмей жүрген Асылан Сансызбайұлына абыройыңыз асқақтай берсін демекпін.

**Меңдігүл ФАЗЫЛОВА,
Жәнібек аудандық музей бөлімінің
меңгерушісі,
Жәнібек ауданы,
Батыс Қазақстан облысы**

РЕЦЕПТ СЧАСТЛИВОЙ ЖИЗНИ

Делать то, что приносит удовлетворение, каждый поймет этот совет по-своему, но одно ясно, что счастливый человек растрачивать годы на нелюбимые занятия или людей не захочет. Суть такова, не просто думать о том, как прожить счастливую жизнь, но и на самом деле получать удовольствие от своих действий и направлять собственные силы по выбранному руслу. Свой жизненный путь выбрала когда-то и Сауле Маликова, и она по-настоящему счастлива. Ее кредо – самореализация и новые творческие идеи!



Патриот, человек, чей вклад в сохранение истории своего родного края весьма заметен, и это прекрасная женщина – Сауле Зейнуллиновна Маликова. Родилась она в 1962 году в Северном Казахстане, в маленьком ауле Актас, название, скорее всего, появилось не случайно, вокруг аула вразброс лежат белые камни, может, отсюда и название – белый камень? В родном Актасе Сауле окончила три класса в казахской школе, продолжила в соседнем ауле Булак. После окончания средней школы, она поступает в Петропавловске в педагогический институт им. К.Д. Ушинского на факультет истории и педагогики. И что интересно, куратором группы, где обучалась наша героиня, был Виктор Федорович Зайберт – молодой тогда еще ученый, археолог, который сегодня известен нам как человек, открывший миру Ботайскую культуру. Успешно окончив вуз, Сауле вернулась в родной аул и стала преподавать историю, работала, набиралась опыта. Трудолюбие, знания и надежное плечо коллег помогли тогда еще молодому специалисту окрепнуть и проявить себя в профессии. Очень скоро проявила себя на педагогическом поприще, и вскоре стала заведующей учебной частью. Своей неугасимой энергией она заряжала не только учащихся и родителей, но и коллег.

В 25 лет она стала директором школы в соседнем селе Карагай. Школа в Карагае только строилась, и была неполной, решили ее укомплектовать и сделать девятилетней. И это удалось Сауле Зейнуллиновне. Это был 1988 год. Ввели в школьную программу английский язык. Разработали авторскую программу, внедрили ее. Таким образом, коллектив школы во главе с ней смогли повлиять на выбор будущих профессий сельской молодежи. Шло время, и так прошло 10 лет, вскоре она переезжает в Петропавловск, продолжает свою трудовую деятельность в профессионально-педагогическом колледже.

В 2006 году, пройдя успешно конкурс на должность директора, она начинает трудиться руководителем Северо-Казахстанского государственного архива. Ей нравится быть в курсе дел активного и творческого коллектива, перенимать опыт от людей

старшего поколения. Как говорится, было бы большое желание, можно многое узнать и с любым делом справиться! С первых дней на новом месте работы она изучала и исследовала архивные материалы. Большую помощь и поддержку С.Маликовой оказали ее наставники, ученые, историки, преподаватели родного университета, такие как Заркын Сыздыкович Тайшыбай, Кайрола Муканов, Социал Жумабаев. Гордится она и своим земляком, выходцем из ее родного села Аяганом Буркитбаем, доктором исторических наук, политологом.

Архивный работник должен заниматься не только исследованием, пополнением фонда архива, но и уметь зажигать других оптимизмом, добротой и надеждами, к тому же нужно быть в постоянном творческом поиске. Сауле Маликова всегда находит что-то новое, чтобы в очередной раз дарить людям положительные эмоции, рассказать об архивных изюминках или о своих впечатлениях, удивить и порадовать земляков, коллег, друзей.

В последние годы поднят статус архивной сферы в республике. Учрежден официальный праздник – День архивиста (22 декабря). В этот день в 1998 году в РК был принят Закон «О Национальном архивном фонде и архивах». Есть и свой знак отличия – «Архив саласының үздігі». Это дало возможность отрасли отмечать заслуги своих коллег на высоком уровне. Благодаря программе, улучшилась и материально-техническая база государственных архивов. В сферу стало приходить больше молодых специалистов. Общество стало более внимательно относиться к истории и исторической памяти своего народа, а исторические события транслируются широкой аудитории через современные средства массовой культуры. Сауле Маликова делает все, чтобы постоянно и максимально пополнялся фонд родного архива, примером является то, что большое количество документов получено из Санкт-Петербурга. Еще в 2019 году привезла ценные схемы и планы по строительству четвертой (Давлеткильдеевской) мечети в городе Петропавловске, которая была построена в XIX веке, в 1857 году на средства купца М. Давлеткильдеева. Это только один пример. Таких примеров очень много.



В прошедшем году архив Северо-Казахстанской области отметил свое 100-летие, которое прошло на высшем уровне. Конференция, посвященная данной дате, была великолепна, были интересные научные доклады и выступления. Собрались на мероприятия коллеги-директора со всей республики, была также приглашена, к сожалению, не смогла поучаствовать по возникшим обстоятельствам.

Прошло много времени, более 17 лет как трудится в должности директора государственного архива Северо-Казахстанской области Сауле Зейнуллиновна, кандидат исторических наук, член ономастической комиссии, методической комиссии Министерства культуры и спорта РК.

Большая заслуга ее как руководителя в становлении, развитии госархива, районных архивов, которым много времени уделяла, непосредственно также принимала участие по обследованию организаций и учреждений, как города, так и районов и сел, принимая меры по организации хранения документов, их правильной обработке. С.З. Маликовой приходилось неоднократно

выезжать в районные центры, оказывать содействие, помогать коллегам районных государственных архивов. Архивные работники – это хранители подлинной истории. Конечно, она разная, как и история любой страны. Есть трагические моменты, есть радостные, есть героические.

«Наша главная задача, по крайней мере, когда мы публикуем документы – давать научные комментарии. Мы стараемся все-таки описать, почему это было именно в контексте того времени. В сегодняшней реальности появляются разные мифы, всякие вымыслы и какие-то факты воспринимаются как подлинная история. Поэтому надо читать первоисточник, для этого есть наши архивы, где нужно читать, изучать и делать выводы». Что интересно в нашей работе, в храмах истории все документы открыты, доступны, и каждый для себя может определить, понять не очень ясные моменты, потому что много всего в литературе и на телевидении – где-то вымысел, где-то правда, здесь каждый может прийти и сам прочитать, сделать для себя, как было сказано выше, собственные выводы.

Архивному сообществу, ученым, историкам, краеведам известны научные труды и публикации С.З. Маликовой. Это научные труды и статьи, вошедшие в научные зарубежные журналы: HISTORY OF FAMINE IN KAZAKHSTAN (1931-1933) Yensenov K.A. 1, Naimanbayev B.R. 2, Aldabergenov K.M. 3, Malikova S.Z 4, Bakhtorazov S.U., 2020 г. и другие.

Ее личные труды, также под ее руководством и участием опубликовались в республиканских и изданных в областном архиве журналах и различных СМИ: «70 лет Северо-Казахстанской области», Петропавловск АО «Полиграфия», 2006, «Первые руководители Северо-Казахстанской области и районов», «Северный Казахстан», 2010 г., «Великая Отечественная война в документах и материалах архивов Северо-Казахстанской области. К 65-летию Победы», Петропавловск, 2010, «Г.Мусрепов. Духовный мир, завещанный гением. Письма, мысли, афоризмы», Петропавловск, 2012,

«Герои труда», справочно-биографическое издание, Петропавловск, 2012, «Солтүстік Қазақстан облысы: Тарих және тағылым», Петропавловск, 2016. -288 б.; «Из истории административно-территориального деления Северо-Казахстанской области (25.04.1921 г. – 01.01.2017 г.)», Петропавл, 2017, 492 стр., Фотоальбом «Киелі жерлер картасы», 2017; Мағжан Жұмабай. «Өмірі мен шығармашылығының шежіресі», «Северный Казахстан», Петропавл қ., 2018 ж.; «Өлкетану» оқулығы, 5-7 сыныптар, 2018 ж.-190 б., «Краеведение», 5-7 класс, учебник, 2018 г., «Солтүстік Қазақстан облысы топонимдері», соавтор Нұр-Сұлтан, 2020, «Насильственное переселение народов в Северный Казахстан. 1936-1944 гг.», сборник документов, Петропавловск, 2020 – 251 б.; «Жас Азамат Жұмағали Тілеулин кітаптары», СҚМА, 2021 ж., «Қызылжардың шерлі тарихы» 3 томдық, 2021 ж., «Солтүстік Қазақстан және Алаш», 2022 ж. Также она является соавтором сборников «Военнопленные –североказахстанцы», 2023 ж., «Политические репрессии в Северном Казахстане», 2023 ж., «Дін өкілдері – саяси қуғын-сүргін құрбандары», 2023 ж. Также

вышли в свет ее статьи: «Кедей сөзінің» алғашқы саны Ресей кітапханасынан табылды», «Солтүстік Қазақстан», №104 (22433) от 07.09.2019 г.; «Мағжан – «Кедей сөзі» мен «Бостандық туында», «Солтүстік Қазақстан», №135 (22464) от 14.11.2019 г.; «Ашаршылық туралы ақиқат», «Солтүстік Қазақстан», №27 (22668) от 11.03.2021 г.

Сауле Маликова является автором 70 научных статей, 19 монографии, трех учебных пособий.

За добросовестную многолетнюю деятельность, активную общественную позицию, незаурядный организационный талант, за большие успехи в реализации многочисленных проектов, направленных на развитие архивов области, директор областного архива, кандидат исторических наук Сауле Зейнуллиновна Маликова была награждена орденом «Құрмет», медалями «Еңбек даңқы», «Ерен еңбегі үшін», нагрудным знаком «Архив саласының үздігі», «Отличник образования РК» и др.

Многие годы живут душа в душу, скромно, честно, не напоказ с супругом Сураганом Калиаскаровичем, идут по жизни вместе, радуются и помогают воспитывать сыну Ержигиту и снохе Гульнаре своих замечательных и любимых – внука Байбека и внучку Айю.

А Сауле Зейнуллаевне Маликовой каждый прожитый день на протяжении всей ее жизни, даже если были не радостные моменты, давал понять, что она кому-то нужна. Если в ее помощи нуждались односельчане, родные, друзья, то она была счастлива тем, что могла им чем-то помочь. В знаниях и навыках своей учительницы в свое время нуждались ее ученики, а позже – ее коллеги, молодые архивисты, и она с радостью учила их всему, что умела. Она по-прежнему нужна своей семье, внукам, друзьям и не это ли счастье? Может, в этих словах и заключается рецепт долгой и счастливой жизни.

Гульбаршин САЛЫК,
публицист, член Союза
журналистов Республики
Казахстан

НЕКЕ КЕЛІСІМІ – ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ

Тұлақырыпқа кіріспес бұрын заңнамада айтылып жүрген «келісім-шарт» терминіне өз пікірімді білдіріп өтуді жөн көрдім. «Келісім-шарт» деп жазылу қате, өйткені бұл екі сөздің әрқайсысының бөлек мағынасы бар. Шарт – ол келісімнің бір элементі. Мысалы, Азаматтық кодекстің 393-бабында тараптар барлық елеулі шарттар бойынша келісімге келген жағдайларда келісім жасалды деп есептеледі деген норма бар. Азаматтық құқықтағы жалпы ереже бойынша тараптар келісімде оның елеулі шарттарына қол жеткізбеген болса, ондай келісімге Азаматтық кодекстің 157-бабының жарамсыз болып табылатын нормалары қолданылады. Осы сияқты мысалдарды азаматтық, неке-отбасы, кәсіпкерлік және т.б. заңнамалардан көптеп келтіріп айтуға болады. Келісімде оның орындалу мерзімі туралы, тауардың жарамдылығы, саны, сапасы, ассортименті және т.с.с. шарттары болады. Бұл – бір.

Екіншіден, ана тілімізде шарттың ішіндегі шарт, я болмаса, шарттың құрамындағы елеулі немесе қарапайым шарттары деп айтпайды. Оның орнына «мәміленің шарты», «келісімнің шарты» деп айтып, осы ұғымдарды қолданған жөн. Қысқасы, екі жақ келіссөз жүргізудің нәтижесінде келісімге келді деп айтамыз, шартқа келді деп айтылмайды. Келешекте осы айтылғандарды заң шығарушы тиісті заңнамалар бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізеді деп сенемін. Сондықтан бүгінгі күн емес, ертеңімізді ойластырып, айтылған терминдерді келешек ұрпақ орнымен дұрыс қолдансын деген оймен қарастырғалы отырған тақырыпта «келісім» және «шарт» терминдерін жоғарыда айтқандарымды негізге ала отырып, бұл мақалада орны орнымен қолданамын.

Неке келісім институты 1993 жылы 22 қазанда, № 2475-XII «Неке және отбасы

туралы кодексіне (НЖОК) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ КСР заңымен енгізілген. Сөйтіп, бұрынғы заңнама көзқарасы тұрғысынан қарағанда мүмкін болмаған және осы кезге дейін әлі толық қолданылмаған ерлі-зайыптылар мүлкінің келісім режимінің ұғымы Қазақ КСР НЖОК-інде 1993 жылдан бері пайда болды.

Неке-отбасы қатынастарында бұл институт қаншалықты таралғанын анықтау қиын. Сот тәжірибесінде неке келісімін жасасумен, оның орындалуымен байланысты даулар сирек кездеседі. Бұл неке келісімі институтының салыстырмалы түрде жаңа екендігімен, ерлі-зайыптылар мүлкінің келісімдік режимін орнату мүмкіндігі туралы және оның артықшылықтары туралы азаматтардың хабардарсыздығымен, Қазақстан халқының дәстүрлі менталитетімен түсіндіріледі.

Бірақ нарықтық қатынастардың да-



**Жандарбек БАУЫРЖАН,
заң ғылымдарының докторы,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университеті**

муымен, азаматтардың дәулетінің өсуімен, отбасының мүліктік базасының кеңеюімен бірге бұл институт өзекті болып келеді.

Заңи әдебиетте келісім режимінің артықшылықтары атап айтылады. Сонымен, неке келісімі ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезінде алынған мүлігіне ортақ бірлескен меншік туралы заңның ережесін нақтылай түседі (қайта өзгертеді, жеңілдетеді). Неке келісімі ерлі-зайыптылардың біреуінің меншігі болатын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорына жататын тұрғын жайды пайдалану тәртібі туралы, сонымен бірге одан шығарып жіберудің негіздері туралы мәселесіне айқындық пен анықтық енгізеді.

Неке келісімімен тек ҚР АҚ-нің 1-бабының 1-тармағында бекітілген белгілерге сай келетін ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынастары ғана реттелгендіктен, ҚР Азаматтық кодексінде анықталған нормалары неке келісіміне де қолданылады деген қорытынды шығаруға болады.

Неке келісімімен ерлі-зайыптылардың мүліктік құқықтық режимі анықталады және

мұндай режим келісім деп аталады. Ерлі-зайыптылар – тараптар немесе некелесетін азаматтар некеде тұрған кезінде жиналған барлық мүлігіне де, оның жеке объектілеріне де ортақ немесе бөлек меншік режимін өз қалауларымен таңдауға құқылы.

Қазақстанның отбасы құқығында ерлі-зайыптылардың ортақ меншігіне қатысты тікелей олардың арасындағы келісімдердің екі түрі ғана алдын ала қарастырылған. Біріншіден, бұл ортақ мүлікті бөлу туралы келісім, сонымен бірге неке келісімі, оны жасасу мен оның өзге аспектілері ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексінің 39-43 баптарымен реттеледі.

Кодекстің 41-бабы 1-тармағының 3-бөліміне сәйкес: «Неке келісінде ерлі-зайыптылар өзара күтіп-бағу жөніндегі өз құқықтары мен міндеттерін, бір-бірінің табыстарына қатысу тәсілдерін, өздерінің әрқайсысының отбасылық шығыстар шығару тәртібін айқындауға; неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған жағдайда ерлі-зайыптылардың әрқайсысына берілетін мүлікті айқындауға, сондай-ақ неке келісіміне ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынастарына қатысты өзге де кез келген ережелерді, сондай-ақ осы некеден (ерлі-зайыптылықтан) туған немесе асырап алынған балалардың мүліктік жағдайын енгізуге құқылы».

Ерлі-зайыптылардың мүлігінің келісім режим институты ерлі-зайыптыларға неке келісінде өздерінің мүліктік қатынастарының (құқықтар мен міндеттердің) мазмұнын өз бетімен анықтау құқығын береді.

Неке келісімінің ерекше табиғатымен байланысты мәселелер жеке құқықтың теориясында жеткілікті ойластырылмаған және шешілмеген. Бұл Қазақстан Республикасында неке келісімінің жетік таралмағанымен байланысты. Неке келісімі ерлі-зайыптылардың отбасындағы мүліктік мәселелерді шешу туралы келісімі ретінде батыс елдерде көптен бері қолданылады. Қазір неке келісімі Батыс Еуропа елдерінде, АҚШ-та, Канадада көп таралған. Мұндай әйгілілігінің себебі: пәрменді феминистік қозғалыстары мен өз құқықтары үшін, некедегі еркек пен әйелдің теңдігі үшін «әйел затының» күресі саналады.

Неке келісіміне оң баға берілуде. Отбасы психологиясы саласындағы мамандардың

зерттеулері бойынша, неке келісімі некені бұзуға ықпал етпейді, ол көп жағдайларда некені бұзудан аман алып қалады.

Неке келісімінің күрделі заңи табиғаты бар. Оны мүліктің құқықтық режимін орнатуға немесе өзгертуге бағытталған азаматтық-құқықтық келісім түрлерінің біріне жатқызуға болады. Сондықтан неке келісімі АҚ-нің азаматтық-құқықтық келісімдеріне қоятын талаптарына сай болуы керек (құқық қабілеттілігі, әрекет қабілеттілігі, келісімнің нысаны. Бұдан басқа, неке келісімін өзгерту мен бұзу келісімді өзгерту мен бұзу үшін АҚ-де көзделген негіздер мен тәртібі бойынша өткізіледі. Сонымен бірге неке келісімінің басқа азаматтық-құқықтық келісімдермен салыстырғанда кейбір ерекшелігі бар, олар ҚР Н(Е-З)ЖОК-де бекітілген. Неке келісімінің ерекшеліктері оның субъектілік құрамына, жасасу уақытына, келісімнің пәніне және мазмұнына қатысты.

Келесі айта кететінім – ол неке келісімінің ерекше субъектілік құрамы. Оның қатысушылары тек ерлі-зайыптылар ғана емес, некені тіркеу туралы өтініш берген азаматтар да (атастырылған азаматтар) бола алады, сондықтан, кодекстің 39-бабында айтылғандай, олар некеге тұрушы азаматтар да (яғни әлі ерлі-зайыпты емес, бірақ ерлі-зайыпты болуға ниеттенетін азаматтар), заңды некеде тұрған азаматтар да бола алады.

Неке келісімін жасасу қабілеттілігі некелесу қабілеттілігімен байланысты. Сондықтан неке келісімі неке жасына (яғни он сегіз жасқа) жеткен, әрекет қабілеттілігі бар азаматтардың арасында жасалады. Егер азамат неке жасына толмаған болса, бірақ некеге тұруға жергілікті тіркеуші органның рұқсатын алса, ол неке келісімін некені тіркеу сәтіне дейін ата-аналарының не қамқоршыларының жазбаша келісімімен жасай алады. Некеге тұрғаннан кейін кәмелетке толмаған ерлі-зайыпты толық көлемде азаматтық әрекет қабілеттілігіне ие болады, демек, неке келісімін өз бетімен жасасуға құқылы.

Эмансипацияланған кәмелетке толмағандар некеге тұрғаннан бастап неке келісімін (ерлі-зайыпты болғаннан бастап) өз бетімен белгіленген тәртіпте жасасуға құқылы, өйткені эмансипация сәтінен олар толық көлемде әрекет қабілеттілігіне ие болады.

Неке келісімі қиылған некенің мемлекет-

тік тіркеуіне дейін де, некеде тұрған кезіндегі кез келген уақытта да жасалуы мүмкін. Бірақ қиылған некенің мемлекеттік тіркеуіне дейін жасалған неке келісімі сол некенің мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күшіне енеді. Сонымен, неке келісімі оны жасасқан кезден кейін кез келген уақытта күшіне кіруі мүмкін. Маңыздысы, неке келісімін жасасқан азаматтардың неке қиюының мемлекеттік тіркеуінің болуы егер неке келісімін жасасқанына қарамастан, некенің мемлекеттік тіркеуі болмаса, мұндай келісімнің заңды күші жоқ және ол ешқандай құқықтық салдарды туғызбайды.

Сонымен бірге неке келісімін жасасу – некеге тұратын азаматтардың және ерлі-зайыптылардың міндеті емес, бұл олардың құқығы екенін есте сақтауымыз керек.

Неке келісімі жазбаша түрде тараптардың қолы қойылған бір құжатты толтыру арқылы жасалады және міндетті түрде нотариатта куәландырылуға жатады. Неке келісімі нотариустың жазуымен куәландырылады. Бұл ретте нотариус тек неке келісімінің заңға сәйкестігін тексеріп қана қоймай, тараптарға оның мәні мен мағынасын түсіндіруге міндетті. Келісімнің мәтіні түсінікті және анық жазылуы керек: тазартулары, ендірмелері, уәделеспеген түзетулері болмауы керек. Сонымен бірге неке келісіміндегі тараптардың тектері, аттары мен әкесінің аттары болашақ жаңылыстардан құтылу үшін толық жазылып, көрсетілуі тиіс.

Неке келісімі белгілі мерзімге (мерзімдік шарт) немесе белгісіз мерзімге (іс әрекеті белгісіз мерзімге жасалған келісім) жасала алады. Неке келісімінің қолданысқа енуіне дейінгі алынған ерлі-зайыптылардың мүлігінің құқықтық режимі кодекстің 7-тарауының ережелері бойынша анықталады, яғни бұл мүлікке ерлі-зайыптылардың ортақ бірлескен меншік режимі таралады. Бірақ неке келісімінде ерлі-зайыптылар мұндай мүліктің құқықтық режимінің келер шақта, кері күшімен өзгеруін алдын ала қарастыра алады. Мысалы, неке қиылу сәтінен бастап. Неке келісімінің қолданылу мерзімінің аяқталуынан кейін ерлі-зайыптылардың мүліктік құқықтары мен міндеттері отбасы заңнамасының ерлі-зайыптылардың мүлігінің заңи режимі туралы нормаларымен реттеледі.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: ОСОБЕННОСТИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ

В образовательной системе Казахстана за последние десятилетия происходят масштабные изменения: политическое, социальное и экономическое развитие общества. В настоящее время актуальным считается уровень готовности общества к инновациям, а также умение адаптироваться в меняющейся среде и извлекать из нее выгоду. Происходит смена ведущей парадигмы – от традиционной к личностно-ориентированной. Инклюзивное образование в нашей стране, как и во многих демократических странах, является примером инновационных изменений.

В Республике Казахстан это рывок к развитию образовательной политики страны. Именно инклюзивное образование, как инновация, ставит нашу страну на одну ступень с передовыми странами. Инклюзивное образование является одним из результатов изменения системы образования, которое ориентировано на создание условий доступности качественного образования для всех желающих. Инклюзивное образование подразумевает под собой включение детей с особыми образовательными потребностями вне зависимости от их физических, психических, интеллектуальных, культурно-этнических, языковых и иных особенностей в общеобразовательную среду, устранение всех барьеров для получения качественного образования, социальной адаптации и интеграции в социуме. С конца прошедшего столетия отмечалось активное развитие инклюзивного образования, которое стало одним из главных направлений образовательной политики многих развитых стран

мира, таких как Дании, США, Великобритании, Испании, Австралии, Финляндии, Италии, Германии, и др. В этих странах дети, имеющие психофизические нарушения, отстаивания в развитии довольно успешно проходят обучение вместе со сверстниками без отклонений в общеобразовательных учреждениях, в которых с целью их развития, а также социальной адаптации созданы необходимые психолого-педагогические условия. Согласно основополагающим документам, разработанных международным сообществом в части прав человека, а также с учетом тенденций и достижений мировой практики в сфере образования, главных задач, направленных на совершенствование казахстанской системы образования разработаны концептуальные подходы в развитии инклюзивного образования.

Инклюзивное образование (от франц. *Inclusive* – включающий в себя) – термин, который право каждого ребенка на обучение, независимо от его физических, соци-

альных, языковых, интеллектуальных особенностей, дает возможность «включать» его в процесс развития, социализации. Целью которой является готовность общеобразовательной организации принять детей с разными возможностями [3].

Законом Республики Казахстан «Об образовании» гарантировано равенство прав всех на получение качественного образования, доступность образования всех уровней для населения с учетом интеллектуального развития, психофизиологических и индивидуальных особенностей каждого лица [1].

В соответствии с государственной программой развития образования, в нашей стране с 2011 года поэтапно внедряется инклюзивное образование. Стратегический план развития Республики Казахстан до 2025 года, согласно пункту 1.1 «Обеспечение доступности и инклюзивности образования», предполагает цели, одна из которых — это обеспеченность психолого-педагогического сопровождения инклюзивного образования, создание специальных кабинетов, учебных программ среднего, технического и профессионального, после среднего образования.

Система инклюзивного образования под включает в себя учебные заведения среднего, профессионального и высшего образования. Инклюзия является конечным этапом создания без барьерной среды, в условиях которой любой член общества может беспрепятственно учиться, трудиться и получать различные услуги [2].

Инклюзивное образование благоприятно сказывается на развитии личности детей с особыми образовательными потребностями, а также на нормативно-развивающихся одноклассников. Именно инклюзивное обучение создает моральную, педагогическую, благоприятную среду, образование начинает нести гуманистический и развивающий характер.

Создание благоприятной среды и включенного образования способствуют социальной адаптации детей, выработке самостоятельности и независимости, а также,

что несомненно важно, изменению общественных взглядов, установок, отношений, проявлению толерантности и уважения, прежде всего, к личности, а не к каким-то физиологическим, социальным, интеллектуальным особенностям.

В Республике Казахстан, несмотря на позитивные изменения и существующую правовую основу, на сегодняшний день имеется ряд трудностей в реализации прав детей с ограниченными возможностями на инклюзивное образование. Наиболее серьезные из них следующие:

- отсутствие доступной среды для детей с особыми образовательными потребностями, что не позволяет им реализовать в полном объеме свои конституционные права и свободы;

- отсутствие у детей и педагогов уважительного отношения к инвалидам, отсутствие знаний об их возможностях и правах;

- недостаточная профессиональная готовность кадров.

Первичным и важнейшим этапом реализации процесса инклюзии является этап психологических изменений и уровня профессиональных компетентностей ее специалистов. Основная проблема инклюзивного образования заключается в профессиональной и методической подготовки всех специалистов общеобразовательной школы к работе с детьми с ограниченными возможностями, обнаруживаются недостаток специальных компетенций деятельности педагогов, а также наличие психологических барьеров и профессиональных стереотипов преподавателей [5].

Н.Н. Малофеев в своем научном труде выделяет группы детей, интегрированные следующим образом:

- дети, чья «интеграция» невольна и обусловлена тем, что отклонение в развитии не было выявлено;

- дети, родители которых, зная об особых проблемах ребенка, по разным причинам хотят обучать его в детском саду или школе;

- дети, которые в результате длительной коррекционной работы, проводимой родителями и специалистами, подготовлены к

обучению в среде нормально развивающихся сверстников, в результате чего специалисты рекомендуют им интегрированное обучение;

– воспитанники специальных дошкольных групп и классов в массовых детских садах и школах, чье обучение и воспитание осуществляются с учетом их отклонений в развитии [4].

Успешность обучения и социальной адаптации различна для перечисленных выше групп. Специальные, учитывающие особенности развития детей с ОВР, условия создаются лишь для двух последних категорий детей. В остальных случаях мы имеем дело с так называемой «стихийной интеграцией», когда ребенок формально находится в классе, но фактически исключен из совместного обучения. Если ребенку в общеобразовательной системе не созданы условия для обеспечения его особых потребностей обучения, то в действительности нарушается его право на качественное образование, и положение ребенка не только не улучшается, а ухудшается. По мнению Н.Малофеева, «формальная инклюзия является скрытой дискриминацией».

Сегодня в общественном сознании укреп-

ляется мнение об инклюзии как наиболее прогрессивном подходе, позволяющим любому ребенку, независимо от типа и степени выраженности нарушения, обучаться вместе со своими нормативно развивающимися сверстниками. Внедрение инклюзивных подходов в школьную практику можно назвать одним из приоритетов государственной образовательной политики Республики Казахстан. Об этом свидетельствуют национальные законодательные инициативы. Однако существует ряд проблем, решение которых в значительной степени способствовало бы дальнейшему развитию инклюзивного образования, среди которых создание в организациях образования без барьерной образовательной среды, разработка механизмов материально-технического, социального, психолого-педагогического, кадрового и реабилитационного сопровождения, рекомендации по составлению штатного расписания в школах, где учатся дети с ограниченными возможностями, и многие другие. В большинстве случаев проблемы связаны с самым первым и основным этапом реализации инклюзивного образования – уровнем профессиональной компетенции педагогов-психологов.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

Закон Республики Казахстан «Об образовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.05.2023 г.) <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319>

Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 – 2025 годы. gov.ikotek.kz/wp-content/uploads/2023/01/...

Тебенцова К.С., Каргин С.Т., Заркенова Л.С., Рымханова А.Р. Основы инклюзивного образования. – Алматы: «Эверо», 2016.-119 с.

Малофеев Н.Н. Специальное образование в меняющемся мире. Европа: учебное пособие для студентов пед. вузов. 2-е изд. перераб. М.: Просвещение, 2018. 447 с.

Михальченко К.А. Инклюзивное образование – проблемы и пути решения /

Михальченко К.А.// Теория и практика образования в современном мире: - Санкт-Петербург: Реноме, 2012 – С. 206

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются основные проблемы инклюзивного обучения детей, имеющих особые потребности в обучении, связанные с особенностями здоровья. Актуальность тематики обусловлена текущим обновлением существующей системы образования, направленным на организацию условий для совместного обучения детей с ограниченными возможностями здоровья (ОВЗ) с детьми без особых образовательных потребностей, недостаточной разработанностью методики инклюзивного обучения в Республике Казахстан.

Ж. НУРМАХАНОВА,
старший преподаватель Казахского национального аграрного
исследовательского университета

СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТІЛ САЯСАТЫ

«Ұлттың тілі - ұлттық рухтың негізі» екенін ұлтымыздың біртуар тұлғасы Мұстафа Шоқай ұрпағына тайға таңба басқандай айтып кеткен. Жалпы алғанда, тіл тағдыры ұлтын сүйетін азаматтарды бейжай қалдырмайды. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтіп, өз тұғырына қондыру мәселесі бүгінге дейін өзектілігін жоймай келеді. Тіл мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігі болғандықтан, оны дамытуға мемлекеттік биліктің бір тармағы соттар да тең дәрежеде қатысады. Тіл мемлекеттіктің ең басты белгісі, осы себепті, оның өсіп-өркендеуіне барлық сала мамандары, жалпы халық болып атсалысуы керек.



**Бауыржан ШАНКЕРЕЕВ,
Алматы облысы бойынша
Сот әкімшісі департаменті
басшысының орынбасары**

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін бекіту тәуелсіздік алған соң қайта жанданды. Тоқсаныншы жылдардың соңында ел соттарында іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу мақсатты түрде қолға алынды. Соттың төралқа мәжілістерінде істер қажеттілігіне қарай қазақ және орыс тілдерінде, ал маңызды басқосулар, жалпы және ұйымдастыру сипатындағы төралқа,

алқа мәжілістері, жұмыс қорытындылары бойынша өткізілетін жиындар мемлекеттік тілде жүргізіле бастады. Соттар тарапынан бұл мақсатта атқарылып жатқан іс шаралар нәтижесіз емес. Қазіргі күні республика соттарының іс қағаздары мемлекеттік тілге толықтай өткен, барлық шығыс құжаттары мемлекеттік тілде жүргізіледі. Дейтұрғанмен, сот құжаттарын қазақша жүргізу мәсе-

лені шешпейтінін уақыт көрсетіп отыр. Оны республика соттарында қазақ тілінде қаралатын істер санының аздығынан көруге болады.

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңының 13-бабына жүгінсек, «Қазақстан Республикасында сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал, қажет болған жағдайда, орыс немесе басқа тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады». Яғни, сотқа талап-арыз қай тілде берілсе, іс сол тілде қаралады. Ал іс жүргізу тілін білмейтін немесе жөнді білмейтін іске қатысушы адамдарға сотта аудармашының қызметін тегін пайдалану қамтамасыз етіледі.

Осы заңның 4-бабына сәйкес, «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы, яғни, міндеті». Бірақ, жерлестеріміз 13-бапты алға тартып, заңмен міндеттелген парыздарына немқұрайдылық танытады. Осы олқылықты болдырмауда соттар мемлекеттік тілді дамытуға басымдық беруде. Бұл ретте мемлекеттік тілде жазылатын сот актілерінің сапасына қойылар талаптар күшейтілді. Бұған қоса сот процестерін біртіндеп қазақ тіліне көшіру туралы ұсыныстар айтылуда. Мемлекеттік тілді дамытуға қатысты арнайы нормативтік қаулылар қабылданып, сот актілеріне мониторинг жүргізу қолға алынды. Судьялар істі екі тілде бірдей қарап, сот ісін жүргізу тілінің қағидаттары мен заңдылығын қатаң сақтайды. Судьялыққа іріктеуде үміткердің мемлекеттік тілдегі сауатына басымдық беріледі. Мұнымен бірге, соттарда мемлекеттік тілдің рөлін нығайту, сотқа дейінгі материалдар мен істерді дайындауда тіл заңдылығын сақтау сынды тағы басқа ауқымды мәселелер жайлы дөңгелек үстелдер мен семинарлар, т.б. іс-шаралар ұдайы ұйымдастырылады. Аталған шаралар мемлекеттік тілдің тұғырын нығайту бағытын көздейді.

Егемен Қазақстанның жас ұрпағын парасатты, білімді, іскер етіп қалыптастыруда мемлекеттік тілдің атқаратын қызметі орасан зор екенін Мұхтар Әуезов «Ана тілін білмейтін адам мәдениетті адам санаты-

на қосылмайды» деген сөзімен аңғартады. Мемлекеттік тіл барша қазақстандықты біріктіреді. Қазақстанда мемлекеттік тіл ретінде қазақ тіліне ғана конституциялық мәртебе берілген, бұл өз кезегінде әрбір азаматты осы тілді білуге міндеттейді.

2020–2025 жылдарға арналған тіл саясатын іске асырудың мемлекеттік бағдарламасында мемлекеттік тілдің нормативтік базасын күшейту, сондай-ақ, оны түрлі әдістермен, атап айтқанда, ынталандыру, көтермелеу, т.б. шаралар арқылы ғылым және білім, экономика, қаржы, басқару, сот ісін жүргізу, заңнама, БАҚ пен интернет салаларына ендіру көзделген. Бағдарламаның мақсаты қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ете отырып, жаңа латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғыртуға, тіл мәдениетін одан әрі арттыруға, сондай-ақ, Қазақстан азаматтарының тілдік капиталын дамытуға бағытталған үйлесімді тіл саясатын жүргізу болды. Мемлекеттік тілді дамытудың бағдарламаларына байланысты сот жүйесіндегі мемлекеттік тілдің қолданыс аясы ұдайы назарда. Тіл саясаты тиісті бағамдар бойынша қадағаланады.

Сот билігі – биліктің бір тармағы ретінде мемлекеттік тілді дамытуға мүдделі. Дегенмен, процестік заңнама талаптарына сәйкес сот ісін жүргізу тілі талап қою берілген тілде іске асырылады. Тіл мәселесі кезең-кезеңімен жүйелі шешіліп келеді. Тілге қатысты айқын да нақты істер керек. Қазақстанда тілді дамыту үшін барлық жағдайлар жасалынып жатыр. Қазақ тілі мемлекеттік биліктің сот тармағында да лайықты биігіне көтерілуде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келді» немесе «Болашағын отанымызбен байланыстыратын әр азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюы тиіс» деп отандастарымызды қазақ тілін білуге үндеді.

Қоғамымыздың барлық саласында қазақ тіліне деген қажеттілікті арттыру ел азаматтарының қолында. Тек қазақша сөйлеу мемлекеттік тілді насихаттаудың ең тиімді жолы саналады.

АТҚАРУШЫЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРДІ ЖАСАУ ОРНЫ МЕН УАҚЫТЫ



**Талғат ЭБУОВ,
жеке сот орындаушы**

Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы, сот шешімдерінің дер кезінде орындалуы өз кезегінде заңның үстемдігін қамтамасыз етеді. Осы тұрғыда жеке сот орындаушылар институтының маңызы зор. Олай дейтініміз, соттың заңды шешімінің орындалуы сот орындаушылардың жұмысына тікелей байланысты.

Сот орындаушысы «ҚР Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңда және республикамыздың өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, өндіріп алушының арызы бойынша атқарушылық құжаттың негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғайды. Атқарушылық іс жүргізудің атқарушылық әрекеттерді жасау кезінде қолданылып жүрген нормаларға сәйкес жүзеге асырылатыны жоғарыда аталған.

Осы заңның 11-бабында атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындату мерзімдері көрсетілген. Мысалы, сот актілерінің негізінде берілетін сот бұйрықтары мен атқарушылық парақтар үш жылда, соттардың әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша шығарған қаулылары заңда өзге мерзім белгіленбеген жағдайда бір жыл ішінде орындалады. Қажеттілік туған жағдайда орындауды қамтамасыз етудің бірнеше түрі қолданылуы мүмкін. Бұл заңдылық 32-баптың 4-тармағымен нақтыланған.

Осы заңның 52-бабына қатысты айтар болсақ, атқарушылық іс-әрекеттер ұсынылған жері бойынша жүзеге асырылады. Бұдан әрі нақтыласақ, атқарушылық құжат борышкердің тіркелген немесе тұрақты тұратын жері, жұмыс орны, сондай-ақ оның мүлкінің тіркелген, орналасқан жері бойынша ұсынылады. Борышкер заңды тұлға болған кезде атқарушылық іс-әрекеттер құжат тіркелген не органның нақты мекенжайы, сондай-ақ, оның мүлкінің тіркелген немесе орналасқан жері бойынша беріледі.

Сот орындаушысы атқарушылық іс-әрекеттер жасалған жерде дыбыс-бейне тіркеуді пайдалануға, суретке түсіруге құқылы. Алынған материалдарды атқарушылық іс жүргізуге қосады, бұл туралы іс жүргізу құжатына белгілейді. Борышкерді белгілі бір әрекеттер жасауға міндеттейтін атқарушылық құжаттарды орындауды сол аумақтағы жергілікті сот орындаушысы жүргізеді.

Жұмыс бабында әртүрлі жағдайлар кездеседі. Кейде қандай да бір жекелеген атқа-

рушылық әрекет жасау немесе мемлекеттік сот орындаушысының өкілеттігі қолданылмайтын аумақта мәжбүрлеп орындатудың жекелеген шараларын қолдану қажеттігі тууы мүмкін, сондай кезде жеке сот орындаушысы атқарушылық әрекеттерді жасау мен мәжбүрлеп орындату шараларын қолдануды тиісті мемлекеттік сот орындаушысына тапсыра алады. Бұл осы заңның 10-бабына сай мемлекеттік сот орындаушысының қаулысымен ресімделіп, оны аумақтық бөлімнің басшысы бекітеді.

Атқарушылық іс жүргізуді орындауда борышкер атқарушылық құжат ұсынылған мекенжайда емес басқа әкімшілік-аумақта болса, онда мемлекеттік сот орындаушысы сол аумақтағы сот орындаушыға құжатты борышкердің нақты тұратын жері, жаңа жұмыс орны бойынша жіберу туралы қаулы шығарып, өндіріп алушыға хабар береді. Атқарушылық құжат пен іс жүргізу материалдары мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы жіберіледі, бұл ретте атқарушылық құжат және атқарушылық іс жүргізудің барлық материалдарының көшірмелері қаулы шығарылысымен үш жұмыс күнінен кешіктірілмей қағаз жеткізгіште жіберіледі. Атқарушылық құжаттың көшірмесі атқарушылық іс жүргізуде қалады.

Атқарушылық құжатты үш жұмыс күні ішінде аумағы бойынша жеке сот орындаушыларының тиісті өңірлік палатасына жіберу туралы қаулы шығарылады, бұл туралы өндіріп алушыға хабарланады. Өндіріп алушының келісімімен жеке сот орындаушысы борышкердің тіркелген немесе орналасқан жері бойынша жылжымайтын, т.б. мүлкін өткізу үшін өз округінен тысқары жерде атқарушылық әрекеттер жасауға, сондай-ақ, тиісті атқарушы округтің жеке сот орындаушысы келіссе оған белгілі бір атқарушылық әрекеттер жасауды тапсыруға құқылы. Тапсырманы осы заңның 10-бабына сай қаулымен ресімдейді. Атқарушылық құжат аумағы бойынша жеке сот орындаушыларының тиісті өңірлік палатасына жіберілсе, онда жеке сот орындаушысы пай-

даланылмаған аванстық жарнаны өндіріп алушыға қайтарады.

Жоғарыда аталған заңның 53-бабына сәйкес атқарушылық әрекеттерді сот орындаушысы тек жұмыс күндері жасайды. Нақты уақытты сот орындаушысы белгілейді. Атқарушылық іс жүргізудің тараптары өздеріне қолайлы уақытты ұсыну құқығына ие.

Тағы бір айтып өтерлігі, Азаматтық процесстік кодекстің 250-1-бабының талабына орай, сот шешімін мәжбүрлеп орындату барысында берешекті өзге мүлік есебінен өтеу мүмкін болмаған немесе мүлік жеткіліксіз болған кезде өндіріп алушы не сот орындаушысы борышкердің жылжымайтын мүлігіне өндіріп алуды қолдану туралы арызбен

мүлік орналасқан жердегі сотқа жүгінуге болады. Мұндай арыз сотқа түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаралады.

Жеке сот орындаушылары түрлі қиындыққа қарамастан, өздеріне артылған міндет үдесінен шығып келеді деуге толық негіз бар. Жеке сот орындаушыларының атқарушылық құжаттарын жылдам әрі сапалы орындауы олардың кәсібилігін көрсетеді. Атқарушылық өндірістің сапасы мен орындалу көрсеткішінің жақсаруы, жұртшылықтың жеке сот орындаушыларға ғана емес, сонымен қатар, соттарға да сенімін арттыруда.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

Оқи отырыңыз

ЕДІГЕ БИДІҢ ТАПҚЫРЛЫҒЫ

Ертеректе Орта жүздің бір адамын барымта үстінде Ұлы жүздің жігіттері өлтіріп алып, теңдік бермей (мойындамай), құн төлемей кетеді. Осыған байланысты Орта жүзден төрт адам Төле бидің алдына теңдік сұрай келеді. Төле би түнеріп отырады.

Дау қуып келген төртеудің біріншісін тыңдап, оң қолын, екіншісін тыңдап сол қолын созады, үшінші адам сөйлегенде үстіңгі ернін, төртінші даугер сөйлегенде астыңғы ернін созады. Сөйтіп, төрт даугер Төле биден бір ауыз сөз ала алмай еліне қайтып келіп, айдабол Едіге биге жүгінеді. Мән-жайға қаныққан Едіге би:

Төле би сендерді тыңдап төртеуіңе де жауап берген екен, сендер ұқпаған екенсіңдер. Алдыңғы екеуіңе екі қолын созғаны, – «Ұзын сойыл, ұрда-жық екенсіңдер» дегені, кейінгі екеуіңе ернін созғаны, «екі ортаға өсек тасып, ас ішерлік екенсіңдер» дегені, Төле би сендерді алымсынбапты, – деп дау шешуге Едіге би өзі аттаныпты.

Едіге биді көрген Төле сәлемнен соң: «Алмасыңа мойным бар, асылыңа қойным бар», – дейді де жүріп кетеді. Едіге би: «Мойын бұрыңыз Төле», – дейді. Төле мойын бұрып: «Жарлық сізден, жабдық бізден», – дейді. Едіге би: «Осымен дау бітті, ертең Ұлы жүз айыбын жуып жасаулы қыз беретін болды», – деп атының басын бұрып, ол да жүріп кетеді.

Айтқандай, ертеңінде Ұлы жүз алты арыс аргынға түйе бастатқан бас тоғыз, дау иесі дөртуылға ат бастатқан бір тоғыз, даудың бітімі үшін жасаулы қыз беріп қайтарыпты.

«Дәстүрлі құқықтағы билер соты»
кітабынан

ИНСТРУМЕНТЫ ПРАВОСУДИЯ

В демократическом правовом государстве формируются и находятся в постоянном развитии инструменты и институты, направленные на обеспечение защиты законных прав и интересов его граждан, а также общества в целом. В этом смысле неотъемлемой частью правового государства являются правоохранительные органы.

Одним из инструментов правоохранительных органов является оперативно-розыскная деятельность (далее по тексту – ОРД), которая в орбите уголовных правонарушений выполняет задачи по их выявлению, предупреждению и пресечению.

В основе ОРД лежит проведение оперативно-розыскных мероприятий (ОРМ), которые разделяют на два вида: общие и специальные. Последние сопряжены с ограничением конституционных прав граждан на тайну переписки, телефонных переговоров, почтовых телеграфных и иных сообщений, а также на неприкосновенность жилища. Поэтому они проводятся исключительно с санкции прокурора (ч. 4 ст. 12 Закона РК от 15 сентября 1994 года «Об оперативно-розыскной деятельности»).

С началом досудебного расследования, которое законом определяется моментом регистрации повода в Едином реестре досудебных расследований, ОРМ, ограничивающие права человека и гражданина на тайну личной жизни и неприкосновенность собственности, приобретают статус негласных следственных действий, они должны санкционироваться следственным судьей и закрепляться в процессуальных докумен-



Инна КАРКАДА,
судья Павлодарского областного
суда

тах в соответствии с требованиями Уголовно-процессуального кодекса РК.

Следует отметить, что перечень НСД по наименованию и содержанию аналогичен специальным ОРМ. Как отмечено выше, право санкционирования этих схожих между собой видов мероприятий законом разграничено между следственным судьей и прокурором в зависимости от стадии производства по делу.

Такое разграничение, полагаю, не в полной мере соответствует международным правовым нормам, в частности, положениям ст. 2 Пакта, где в п. б) ч. 3 изложено, что каждое участвующее в настоящем Пакте государство обязуется развивать возможности судебной защиты.

Суд не является органом уголовного преследования, выступает только в интересах права. Поэтому передача суду функции разрешения проведения специальных ОРМ способствовало бы развитию судебной защиты в стадии ОРД.

Общие требования к проведению НСД установлены в УПК, то есть Законом об ОРД они не регламентируются.

Вместе с этим, согласно ч. 2 ст. 232 УПК, негласные следственные действия производятся с использованием форм и методов оперативно-розыскной деятельности.

При этом, УПК не содержит отсылки на конкретный закон либо действующие Правила проведения негласных следственных действий, то есть, регламентация форм и методов их проведения в УПК отсутствует.

Более того, согласно требованиям ч. 1 ст. 1 УПК, нормативно-правовые акты об ОРД не относятся к законодательству, регламентирующему порядок уголовного судопроизводства на территории РК.

Другими словами, проведение НСД, также как и ОРМ, остается вне уголовно-процессуального законодательного регулирования.

Обращает на себя внимание, что процедура и методы проведения ОРД в ряде случаев засекречены в целях обеспечения их эффективности и неразглашения тайны данного вида деятельности. Руководитель

органа ОРД рассекречивает и передает следователю только результаты (аудио-, видеозаписи и т.п.).

Указанное, в свою очередь, лишает возможности дать оценку полученным результатам по критерию достоверности и допустимости в качестве доказательств, соблюдения принципов уголовного процесса, прежде всего, его законности. В данном случае высок риск провокации совершения преступлений либо использования иных запрещенных методов сбора информации.

Даже если следователь, дознаватель либо суд в предусмотренном УПК порядке ознакомятся с результатами ОРД и установят отсутствие нарушений законодательства, это не исключает возможное нарушение правовых норм и гарантированных Основным Законом прав граждан в ходе ОРД, потому что процедура их проведения остается вне процессуального контроля субъектов доказывания. Это также лишает лиц, вовлеченных в орбиту уголовного процесса, гарантий защиты их прав и свобод в стадии ОРД.

Дополнительно следует отметить, что полученные в ходе ОРД материалы не являются прямым доказательством. Уголовно-процессуальный закон относит их к документам, которые могут использоваться в уголовном процессе в качестве доказательств (ч. 2 ст. 120 УПК).

Это отличает их от результатов следственных действий, которые (обладая признаками доказательств) при соблюдении требований УПК к их проведению автоматически становятся доказательствами (ст. 119 УПК). К примеру, протоколы допросов, протоколы осмотра места происшествия, выемки, проверки и уточнения показаний на месте и другие предусмотренные УПК процессуальные документы, составленные в ходе следственных действий, после их составления, подписания участниками процесса и включения в опись материалов уголовного дела, уже являются доказательствами.

Для введения их в процесс доказывания не требуется осуществлять дополнитель-

ные процессуальные действия. Уголовно-процессуальный закон не содержит требования принимать процессуальное решение о признании их доказательствами, а также проводить их обязательную проверку на достоверность перед приобщением к делу.

В отличие от результатов следственных действий, уголовно-процессуальный закон не содержит норм, позволяющих аналогичным образом вводить результаты ОРД в качестве доказательств по делу. При этом, список допустимых по уголовному делу доказательств, согласно УПК, является открытым.

Таким образом, ОРД до начала досудебного расследования законодателем к процедуре сбора доказательств не относится. Это, соответственно, не дает правовых оснований считать полученные в ходе ОРД результаты доказательствами. Таковыми они могут стать только после их проверки по критерию соответствия доказательствам, которая осуществляется органом, ведущим уголовный процесс.

Вместе с тем, УПК не предусматривает, какие виды следственных действий и процессуальных решений следует проводить (принимать) по проверке и признанию результатов ОРД доказательствами.

На практике такая проверка проводится, к примеру, путем допроса лиц, участвовавших в ходе ОРМ, осмотра полученных раскритиченных аудио-, видеозаписей, предметов либо документов и т.п.

Полученные таким образом доказательства (протоколы допросов, протоколы осмотра и др.) обладают свойством производности, потому что являются результатом исследования первичных источников фактических данных, полученных в ходе ОРМ.

Таким образом, по причине невозможности прямого использования результатов ОРД по уголовным делам проводятся дополнительные следственные действия по их проверке и закреплению в установленной УПК форме. Тем самым, создается условно дополнительная группа

доказательств, полученных в ходе проверки и исследования результатов ОРД, что не срабатывает в пользу процессуальной экономии и ведет к формализации системы сбора доказательств.

Еще одним пробелом законодательства является то, что сотрудники органов ОРД не отнесены законодателем к субъектам оценки доказательств. В силу положений ч. 1 ст. 111 УПК, такими субъектами являются суд, прокурор, следователь, дознаватель, орган дознания.

Лица, осуществляющие непосредственно в ходе ОРМ сбор имеющих значение для дела источников фактических данных, которые впоследствии могут служить доказательствами по делу, не уполномочены устанавливать на их основе наличие или отсутствие обстоятельств, подлежащих доказыванию.

Однако фактически эту деятельность они осуществляют, так как без этого невозможно определить порядок проведения ОРМ, оценить их эффективность и значимость для принятия процессуальных решений по делу.

Тем самым, сотрудники ОРД входят в процесс доказывания уже в стадии проведения ОРМ и получения их результатов, то есть, становятся субъектами доказывания.

В заключение необходимо отметить, что введение в УПК норм, регулирующих основания, порядок и сроки проведения ОРМ, ограничивающих конституционные права и свободы человека и гражданина, придание данным ОРМ статуса негласных следственных действий, бесспорно, стало одним из эффективных способов решения обозначенной выше проблемы использования результатов ОРД в процессе доказывания.

Вместе с тем, проблема процессуального контроля со стороны следователя (дознавателя) за проведением НСД, а также соблюдением охраняемых законом прав и свобод граждан, в уголовно-процессуальном законе в полной мере не решена. С одной стороны, законодательство требует дальнейшего совершенствования в части



уголовно-процессуальной регламентации форм, процедуры и методов проведения негласных следственных действий. С другой стороны, данные процедуры не должны нарушать тайну их проведения.

Стоит признать наличие законодательных пробелов, связанных с тем, что результаты ОРД не имеют статуса доказательств по уголовным делам и закон не содержит сформулированных требований, по которым эти результаты можно использовать в качестве доказательств, а также процедуру

их введения в процесс доказывания. Лица, осуществляющие ОРД и фактически входящие в процесс доказывания при проведении ОРМ, уголовно-процессуальным законом не отнесены к субъектам оценки доказательств.

Полагаю, что решение обозначенных выше вопросов следует осуществлять, прежде всего, на законодательном уровне путем придания результатам ОРД статуса доказательств, что позволило бы не проводить дополнительные следственные действия, направленные на придание им уголовно-процессуальной формы.

Тем же целям послужит введение ОРМ в уголовный процесс, то есть, проведение их в соответствии с процедурами, прописанными в уголовно-процессуальном законе. Это также позволит решить проблему отсутствия процессуального контроля за ОРМ со стороны следователя (дознателя, органа дознания) и обеспечит соблюдение принципов уголовного процесса в стадии ОРД.

Доктринальное преодоление проблемы определения места ОРД в уголовном процессе с разработкой на законодательном уровне собственного механизма введения ее результатов в процесс доказывания позволит обеспечить четкую регламентацию и прозрачность этого процесса, более эффективную защиту прав и свобод граждан, вовлеченных в орбиту уголовного производства, что в итоге будет способствовать повышению качества расследования уголовных дел.

ЖЕМҚОРЛЫҚ ПЕН КҮРЕС – БАРШАҒА ОРТАҚ ІС

Сыбайлас жемқорлықпен күрес қай мемлекетте болсын ең өзекті мәселелердің бірі саналады. 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стратегиясы ел азаматтарының алдына жемқорлыққа төзбеу мәдениетін қалыптастыру міндетін қойды. Парақорлық пен жемқорлыққа «мүлдем төзбеушілік» көзқарасын қалыптастыру әрқашан да мемлекет пен қоғам тарапынан қажырлы жұмысты талап етеді.



Динара БУЛТЫКОВА,
Алматы қаласының
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
сотының судьясы

Мемлекетімізде сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету бағытында елеулі қадамдар жасалып, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді. Жемқорлыққа қарсы күресті күшейту «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 13-қадамында да нақтыланды. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін ең қауіпті түріне парақорлықты жатқызуға болады.

Сыбайлас жемқорлық пен парақорлықтың алдын алуда елімізде заң нормалары барынша қатайтылды. Мысалы, жемқорлық әрекеті үшін сотталғандар шартты түрде мерзімінен бұрын босатылмайды. Сонымен қатар, пара бергендер мен делдалдарға қолданылар жаза түрлері күшейтілді. Қоғамымызда жемқорлықты болдырмаудың тиімді тетіктері қалыптасуда, мәселен, Президент тапсырмасымен орталық және жергілікті органдардың нормативтік құқықтық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жасалады. Бұған қоса сыбайлас жемқорлық әрекетке барған кез келген мекеме қызметкері үшін оның басшысына да жауапкершілік көзделген. Сондай-ақ, қоғам дертінің алдын алуда қолұшын созған азаматтар заң аясында жан-жақты қорғалған және оларға сыйақы беру мәселесі де қарастырылған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңның талабына сай, адам сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлау не сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылға өзге де жәрдем көрсету мақсатында уәкілетті мемлекеттік органға жүгінген кезде уәкілетті мемлекеттік орган аталған адаммен оның ниеті болған кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылға жәрдем көрсету туралы ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасасуға міндетті.

Республикамызда мемлекеттік қызметкерлерді іріктеудің ашықтығы мен таңдаулы кадрларды алға жылжытуды қамтамасыз ететін Мемлекеттік қызмет туралы заң бар. Судьялыққа үміткерлерді іріктеу барысындағы ашықтық жемқорлыққа қарсы күрестегі негізгі факторлардың бірі саналады. Қазіргі таңда судьялыққа тағайындау процесі ашық жүргізіледі, яғни, үміткерлердің тізімі БАҚ-тарда жарияланады.

Бұдан әрі айтар болсақ, соттар заманауи форматта жұмыс істейді. Осы тұрғыда электронды сот төрелігін айрықша атауға болады. Себебі, соттардың жаңа технологиялар қызметін ұтымды пайдалануы жемқорлықтың жолын кесуде тиімді тетікке айналуда. Мысалы, «Төрелік» жүйесі,

«Сот кабинеті» және «Сот құжаттарымен таныстыру» сервистері, «SMS хабарлама», «электронды шақырту қағазы», дыбыс-бейне құрылғылары, бейне конференц арқылы сот төрелігін жүзеге асыру мұның бәрі адам факторын болдырмайды. Осы қызметтердің ішінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, бюрократтық кедергілерді жоюға, соттардың ашықтығының бірден-бір дәлелі болып танылатын сот отырыстарын дыбыс-бейне жазба құралдарымен түсіріп алу жүйесінің маңызы зор. Халық үшін тиімділік танытқан, әрі сот отырысының хаттамаларын алмастыра білген осы жүйе қолайлы сервистердің бірі саналады.

Сот жүйесінде ішкі қауіпсіздік және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бөлімдері жұмыс істейді. Кадр таңдаудағы ашықтық жемқорлыққа қарсы күрестегі негізгі фактор десек, «Мінсіз судья» жобасы судьялыққа үміткерлердің талапқа сай таңдалуына, сол арқылы олардың мәртебелі қызметке үлкен жауапкершілікпен келуіне, ал, қызмет етіп жүрген судьялардың жауапкершілігін одан әрі жоғарылатуға ықпал етеді.

Елімізде ең алғаш қабылданған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі қағидаларын, оған қатысты құқық бұзушылықтар мен жауапкершілік түрлерін белгіледі. Заман сұранысына қарай Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заң қолданысқа еніп, онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары айқындалды. Солардың бастысы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу мен құқықтық мәдениет қалыптастыру болса, бүгінде бұл жұмыстар жүйелі түрде іске асырылуда. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасын бағалау болып табылады.

Ал, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру – тұлғаның адамгершілік, зияткерлік, мәде-

ни тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі екендігі аталған заңмен нақтыланған.

Нәтижесінде жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруде, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жойып, олардың алдын-алуда мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға өз құзыреттері шегінде нақты жауапкершіліктер жүктелді. Әрі жемқорлықпен күрес жүргізу жалпыға ортақ ұлттық міндет болып белгіленді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басты шарты сот төрелігінің тәуелсіздігін нығайту болып табылады. Бұл ретте заңнамалар үздіксіз жетілдіріліп, сыбайлас жемқорлықтың мүмкін болуына қарсы іс-қимыл тетіктері әзірленуде. Мысалы, судьялар корпусы, сот жүйесінің қызметкерлері және қоғам арасында сыбайлас жемқорлыққа

қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру шаралары қамтамасыз етіліп жатыр.

Жемқорлықты жоюда адал бизнесті ынталандыру өзекті болып табылады. Бұл ретте оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық негіздеріне оқытудың маңызы зор. Осы тұста айтып өтерлігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды жұртшылықтың қатысуымен мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері әзірлейді.

Еліміз болашағына сенімді және қарқынды дамып келеді. Алдымызда әлі талай үлкен міндеттер тұр, талай сын кезеңдерден өтуге тура келеді. Бұл үшін әр азамат өзінің азаматтық белсенділігін көрсетуі тиіс.

Жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың басты мақсаты жалпы халыққа бұл дертке ұрынудың соңы неге әкеліп соқтыратынын түсіндіріп, одан бойларын аулақ ұстауларын ұғындыру. Сондықтан, сыбайластыққа төзбеушілік танытып, қоғамдық кеселді болдырмауға жұмыла кірісу, яғни, біріге жұмыс жасау бәрімізге ортақ іс.

Оқи отырыңыз

ӘЙТЕКЕ БИДІҢ ЖАУАБЫ

Әйтеке шешен бірде Қаздауысты Қазыбекке келіп сәлем береді. Бұл Әйтекенің әлі жастау кезі болса керек.

– Уа, бала! Атадан жақсы ұл туса – елдің туы болады, жаман ұл туса – соры болады деуші еді. Соның қайсысы боласың? – дейді Қазыбек.

– Ораздының кәрісі қартайғанда қазына болады, шиырлының кәрісі қартайғанда қазба болады деуші еді? – дейді Әйтеке.

– Иншалла, қазынамыз, – дейді Қазыбек.

– Ендеше, біз елдің туымыз! – дейді Әйтеке шешен.

ОТБАСЫЛЫҚ, СОТТАР ЖҰМЫСЫ ЖАНДАНУДА

Әрбір отбасы – мемлекеттің тірегі, осы себепті, ең мықты қамқорлық, ең басты қолдау отбасының тыныштығын қорғауға, ана мен баланың алаңсыз өмірін қамтамасыз етуге, әр жанұяның беріктігін сақтауға бағытталады. Керемет бағдарламалар мен айтулы жеңілдіктер отбасылардың жағдайын жақсартуға арналған. Яғни, өркениетті елдер балалардың болашағын басты орынға қояды. Біздің еліміз де осы бағытта дамуда. Оны Президенттің «Балалардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі. Өскекең ұрпақтың ұйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз» деуінен де көруге болады. Жалпы алғанда баланың бақытты балалығы ата-анаға тікелей тәуелді, яғни, бірлігі мен тірлігі, татулығы жарасқан жанұяда өскен ұл-қыз қаманда бақытты.



Бибігүл ЖУСУПОВА,
Алматы қаласының кәмелетке
толмағандар істері жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының судьясы

Республикамызда кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған соттар жиырма жылдан бері жұмыс істеп келеді. Жасөспірімдердің әлеуметтік қалыптасуы мен қорғалуында бұл соттың алар орны бөлек. Бізде балалардың әлеуметтік және материалдық құқықтары негізінен Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекспен реттеледі. Бұларды айтып отырға-

нымыз, Республикамыздың Жоғарғы Соты 2018 жылы «Отбасылық сот» пилоттық жобасын іске қосты. Аталған жоба өзін-өзі ақтап қана қойған жоқ, отбасылық дауларға қатысты түйткілді мәселелердің шешімін табудың тетіктерін көрсетіп берді.

Өткен жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне процестік заңнаманы жетілдіру және сот жүйесін реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қабылданды. Соның негізінде елімізде кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың құрамында отбасылық соттар жұмысын бастады. Бұл жаңашылдық отбасы дауларына қатысты істерді бір соттың шеңберінде реттеуге бағытталған. Әрі ювеналдық соттардың құзыретін кеңейтіп, отбасына байланысты істерді бір ортада, сапалы қарауға мүмкіндік берді.

Нақты айтқанда, Азаматтық процестік кодекстің 27-бабы үшінші бөлігінің жаңа редакциясына сәйкес ювеналды соттардың соттылығына азаматтық істердің бірқатар санаты өтті. Қазіргі күні кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар кәмелеттік жасқа толмаған балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын даулар бойынша азаматтық істердің барлығын қарап, шешеді. Мысалы, кәмелетке толмаған ортақ балалары бар ерлі-зайыптылар неке бұзу немесе мүлікті бөлуде, сондай-ақ, баланың тұрғылықты жерін, ата-ана мен жақын туыстардың бөлек тұратын баламен қарым-қатынас жасау тәртібін айқындауда осы сотқа жүгінеді. Сонымен бірге бұл санатқа ата-ана құқығынан айыру және оны қалпына келтіру, бала асырап алу, оның күшін жою, бала асырап алуды жарамсыз деп тану, жасөспірімді арнаулы білім беру ұйымдарына немесе ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберу туралы істер кіреді.

Бұған қоса кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар кәмелетке толмағандарға қатысты қорғаншылық пен қамқоршылықтан

туындайтын дауларды, әкелікті анықтау, алимент өндіру, оның мөлшерін өзгерту, кәмелетке толмаған адамның өз кірісіне өз бетінше иелік ету құқықтарын шектеу немесе олардан айыру, еңбек, мұрагерлік, тұрғын үй құқықтарын қорғау туралы, т.б. заңмен айқындалған азаматтық істерді қарайды.

Бұрын, ерлі-зайыптылар некені бұзуға қатысты азаматтық соттарға арызданса, алимент тағайындау, баланың тұрғылықты жерін анықтау бойынша шағымдарын ювеналдық сотқа жолдайтын. Мүлікті бөлу мәселесін азаматтық соттар шешетін. Ал, заңға енгізілген түзетулер кәмелеттік жасқа толмағандарға байланысы бар дау-дамайлардың бір сотта шешілуін қамтамасыз етті.

Іс қарауда бала мүддесі барлық уақытта алдыңғы орынға шығарылады. Осы мақсатта отбасылық дауларға психологтар, т.б. арнайы мамандар тартылады. Психологтар кәмелетке толмағандарды сот отырысына дайындайды, жеке психологиялық ерекшеліктерін анықтау үшін диагностикалық жұмыстар жүргізеді. Некенің бұзылуында негізінен кәмелетке толмаған балалардың зардап шегетіні айтпаса түсінікті. Өйткені, бала кез келген құбылыс пен оқиғаны ең алдымен өз отбасынан көріп, жақсылық пен жамандық тұрғысындағы тұжырымдарды ата-анасынан естиді. Сондықтан, арнайы мамандардың көмегі барлық кезде қажет болады. Мысалы, неке бұзуда психологтың тараптарға көрсеткен көмегі, мүлікті бөлу, баланың тұрғылықты жерін айқындау, баламен кездесу уақытын белгілеу, алимент өндіру сынды даулардың алдын алады. Жаңарған соттар істер бойынша материалдарды мұқият зерттеуге және кәмелетке толмағандар құқығы мен заңды мүддесінің айрықша қорғалуына ықпал етуде.

Кез келген мемлекеттік орган, мекеме, ұйым өзінің қызметінде Конституцияны басшылыққа алады. Соның негізінде қоғамымыздың барлық саласында отбасылық құндылықтар үздіксіз насихатталса және олар ұлттық заңнамаларымызбен үйлестірілсе, дау-дамай азайып, бала болашағының жарқын болары анық.

МӘМІЛЕЛЕРДІҢ, МАЗМҰНЫ ЗАҢ ТАЛАПТАРЫНА САҰ КЕЛУІ ТҮІС

Тәуелсіз республикамыздың межелеген мақсаттарының бастысы құқықтық мемлекет деңгейіне жету. Бұл тұрғыда ел халқының құқықтық сауаты мен мәдениеті маңызды орын алады. Сондықтан, ел заңдары үнемі жетілдіріліп, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін әділ қорғау шаралары үздіксіз қамтамасыз етілуде. Бұл ретте айтарлығы, ел азаматтарының өз құқықтары мен заңды мүдделерін, бостандықтарын қорғауына заңдық тұрғыда барлық жағдай жасалған.

Құқықтық біліктілікті арттыру мақсатында көпшілікті мәмілелер бойынша туындайтын дауларға қатысты нормалардан хабардар еткіміз келіп отыр. Өйткені, азаматтық-құқықтық қатынастардың басым көпшілігі мәмілелер мен келісімшарттардан тұрады. Мәміленің заңдық ұғымы Азаматтық кодекспен нақтыланған, яғни, 147-баба сай, азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтарын, сондай-ақ міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттер мәмілелер болып танылады. Мәмілелер саналы түрде жасалатындықтан, оларда әрекет ететін адамның еркі көрінеді. Мәміле бір, екі және көпжақты шарттармен жасалады. Шарттар мәмілелердің басым санын құрайды. Еске-

рерлігі, біржақты мәміленің жауапкершілігін оны жасаған адам көтереді. Ал, басқалар заңда көзделген немесе өзінің келісімі болса ғана міндет алады.

Ауызша және жазбаша жасалған мәміле заң нормалары мен тараптар талаптарына қайшы келмеуі керек. Осы жағдайда ғана факсимилелік көшірме мен электрондық цифрлық қолтаңба пайдаланылады. Тағы бір айтып өтерлігі, жазбаша мәмілені орындаған тарап екінші жақтан оның орындалғанын растайтын құжат талап етуге құқылы. Мәміленің жасалу талаптарын сақтамаудың салдары тараптарды мәміленің жасалғанын, мазмұнын немесе орындалғанын куәгерлік айғақтармен растау құқығынан айырады. Дегенмен,

олар куәгерлік айғақтардан басқа, дәлелдермен растай алады.

Мазмұны заң талаптарына сай келмейтін, сондай-ақ құқықтық тәртіп негіздеріне қайшы жасалған мәмілелердің даулануы заңмен қарастырылған. Алдау, қорқыту немесе көзбояушылықпен жасалған мәмілелердің заңдық күші болмайды. Алдау ниетімен жасалған мәміле сотта мүдделі тұлғаның, тиісті мемлекеттік органның немесе прокурордың талап арызымен жарамсыз деп танылады. Мысалы, он төрт жасқа толған кәмелетке толмаған адамның заңды өкілдерінің келісімінсіз жасаған мәмілесін, заң бойынша оның өзі дербес жасауға құқығы бар мәмілелерді қоспағанда, сот заңды өкілдерінің талабы бойынша жарамсыз деп тануы мүмкін.

Мәміленің жарамсыздығына қатысты дауларда талап қою мерзімі бір жылды құрайды. Бұл мерзім мысалы, мәміле қорқыту ықпалымен жасалған жағдайда, мұндай әрекет тоқтаған немесе талап қоюшы мәміленің жарамсыздығына негіз болатын мән-жайларды білген күннен бастап есептеледі. Ел заңдарында немесе тараптардың келісімінде белгіленген жағдайларда жазбаша мәмілелер оларды нотариат куәландырғаннан кейін ғана жасалды деп есептеледі. Ал міндетті мемлекеттік немесе өзге де тіркелуге тиіс мәмілелер тіркелген кезден бастап жасалған болып саналады. Тіркеуден бас тарту жазбаша түрде ресімделуге тиіс және заңнама талаптарының бұзылуына сілтеме жасалғанда ғана мүмкін болады. Тараптардың бірі мәмілені мемлекеттік тіркеуден жалтарған жағдайда екінші тараптың талап етуімен сот мәміле бойынша құқықтарды тіркеу туралы шешім шығарады.

Мәмілелерді жарамсыз деп тануға негіз болатын өзге де нормалар Азаматтық кодекспен нақтыланған. Егер мәміле сотта дауланатын мәміле болып танылса заңнамалық актілерде тікелей көзделген негіздер бойынша жарамсыз болады. Ал мәміленің маңызсыздығы заңнамалық актілерде көзделмесе, ол даулы мәмілеге

жатады. Мәміленің маңызсыздығы туралы дауда оның жарамсыздығын сот белгілейді. Мәміле жарамсыз болып танылған кезде сот оның жарамсыздығын тудырған әрекеттерді жасауға кінәлі тараптан екінші тараптың пайдасына келтірілген залалды өндіруі мүмкін.

Нотариатпен куәландырылған мәмілені тараптардың бірі үшінші жақтың құқығына нұқсан келтірмей орындаса сотта ол мүдделі адам арызының негізінде жарамды деп танылады. Тараптардың бірі мәмілені мемлекеттік тіркеуден өткізуді қаламаса, екінші жақтың сотқа мәміле бойынша құқықтарды тіркеу туралы талап қоюға құқы бар. Мұндай жағдайда мәміле сот шешіміне сәйкес тіркеледі. Дауланатын және маңызсыз мәмілелер заңдылығы Азаматтық кодекспен жан-жақты реттелген.

Мәміле жарамсыз болып танылса тараптардың әрқайсысы екінші жаққа алғандарын қайтаруға міндетті. Егер дәл сол алған затын қайтару мүмкін болмаса, оның құнын ақшалай өтейді. Мәміленің қылмыстық мақсатта жасалғандығы мен құқыққа қайшылығы анықталса, онда мәміле бойынша алғандары тәркіленеді. Аталған кодекспен биржалық мәмілелердің заңдылық тәртібі де реттелген. Мысалы, биржалық мәмілелердің жасалғандығын растау биржа беретін құжаттармен ресімделеді. Егер заңдардан, тараптардың келісімінен немесе мәміленің мәнінен өзге жағдайлар туындамаса, биржалық мәмілелерге олардың мазмұнына қарай тиісті шарт, сатып алу-сату, комиссиялар және басқалар туралы ережелер қолданылады.

Азаматтық кодекс талабына сай, мәміленің сотпен жарамсыз болуы азаматтық құқықты қорғау тәсілдерінің бірі саналады. Тараптар барлық елеулі талаптар бойынша келісімге келсе шарт жасалған болып есептеледі. Азаматтар мен заңды тұлғалардың шарт жасасу мен ондағы талаптарды айқындауға еріктілігі Азаматтық кодекстің 380, 382-баптарында көзделген.

Азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне тиесілі құқықтарды жүзеге асыруда заң талаптары мен адамгершілік қағидаларын сақтаулары тиіс. Заң нормаларынан жұртшылықты қысқа да болса хабардар етіп отыру біздің азаматтық міндетіміз. Халық құқықтық білімдерін жетілдіруге ұдайы

көңіл бөлсе, заңды мүдделері мен құқықтарын қорғауда қиыншылыққа тап келмейді.

Дария ЖОЛБОЛДИЕВА,
Мойынқұм аудандық сотының
судьясы
Жамбыл облысы

Оқи отырыңыз

ТӨЛЕ БИДІН ЖҰМБАҒЫ

Төле би тоқсан жасқа келгенінде Қаз дауысты Қазыбек сәлем бере барыпты. Елдің жақсылары, шешендер, ойшылдар жиналып, әңгіме-дүкен құрып отырғанда:

– Қаз дауысты Қазыбегім келді. Бәрің түгел жиналыңдар. Сендерге айтар он түрлі жұмбағым бар, соны шешіңдер, дейді Төле би.

– Айтыңыз, айтыңыз?

– Айтсам он түрлі жұмбағым мынау: бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он.

Отырғандар таң-тамаша болады.

– Бұл не деген жұмбақ? Осындай да жұмбақ болады ма?

– Төке, бұл жұмбақты мен шешейін, рұқсат етіңіз? – дейді Қаз дауысты Қазыбек.

– Бір дегеніміз – бірлігі кеткен ел жаман,

– Екі дегеніміз – егесіп өткен ер жаман.

– Үш дегеніміз – үш бұтақты шідерден шошынған ат жаман.

– Төрт дегеніміз – төсектен безген жас жаман.

– Бес дегеніміз – белсеніп шыққан жау жаман.

– Алты дегеніміз – асқынып кеткен дерт жаман.

– Жеті дегеніміз – жас келіншек жесір қалса, сол жаман.

– Сегіз дегеніміз – серпілмеген қайғы жаман.

– Тоғыз дегеніміз – торқалы той, топырақты өлімде бас көрсетпесе, сол жаман.

– Он дегеніміз – оңалмас кәрілікке дауа болмас деген, – дейді Қаз дауысты Қазыбек.

– Рақмет, дәл тауып шештің. Ойы да, тілі де жүйрік тұлпарым, – деп Төле би Қазыбекке риза болыпты.



«Қазақ билері» кітабынан

ВЕКТОРЫ РАЗРЕШЕНИЯ ТРУДОВЫХ СПОРОВ

В судах Республики Казахстан реализуется Пилотный проект «Профилактика трудовых споров и споров, вытекающих из публично-правовых отношений».

Целью данного проекта является рассмотрение и разрешение индивидуального спора между работником и работодателем согласительной комиссией, а также возможно с участием медиаторов и членами профсоюзной организации.

Следует отметить, что основным вектором разрешения трудового спора является урегулирование спора во внесудебном и досудебном порядке.

Ст. 24 Конституции РК признается право на индивидуальные и коллективные трудовые споры с использованием установленных законом способов их разрешения, включая право на забастовку.

Трудовые споры – это возникающие на предприятии и в организациях, учреждениях и так далее разногласия между работником (группой работников), с одной стороны, и администрацией (руководством), с дру-



Марина ЗАЙНУЛИНА,
судья суда г. Актобе

гой, по вопросам, касающимся применения законодательства о труде, правил внутреннего распорядка и других нормативных актов каждой организации.

Ст.ст. 22 и 23 Трудового кодекса РК предусматривают обращение работника и рабо-

тодателя за рассмотрением индивидуального трудового спора последовательно в согласительную комиссию, а затем – в суд. То есть, законом прямо предусмотрен обязательный досудебный порядок урегулирования трудовых споров согласительными комиссиями, не доводя спор до суда.

Хотелось бы обратить внимание, что не только работники обращаются в суд за разрешением спорных моментов, но и работодатели, для которых также обязателен порядок рассмотрения спора, пусть и с участием бывших работников, именно в согласительной комиссии.

Примером может служить возвращение судом иска АО «А» к Б. о взыскании заработной платы.

Суд возвратил данный иск в виду несоблюдения установленного законом для данной категории дел досудебного урегулирования спора, истцу возвращена государственная пошлина, руководствуясь п.п. 1) ч. 1 ст. 152 Гражданского процессуального кодекса РК.

При принятии решения о возврате иска суд применил также ч. 6 ст. 8 ГПК, где указано, что, если законом установлен или договором предусмотрен досудебный порядок урегулирования спора для определенной категории дел, то обращение в суд может быть после соблюдения этого порядка.

Согласно ст. 159 Трудового Кодекса, индивидуальные трудовые споры рассматриваются согласительными комиссиями, а по неурегулированным вопросам либо неисполнению решения согласительной комиссии – судами.

Как мы знаем, в силу п.п. 12) п. 1 ст. 23 Трудового кодекса, работодатель имеет право на обращение за рассмотрением индивидуального трудового спора последовательно в согласительную комиссию, в дальнейшем – в суд в порядке, предусмотренном настоящим Кодексом.

Согласительная комиссия является по-

стоянно действующим органом, создаваемым в организации, ее филиалах и представительствах на паритетных началах из равного числа представителей от работодателя и работников.

При этом, для разрешения трудовых споров, законом, еще раз повторимся, установлен определенный порядок.

Законодателем четко предусмотрены две стадии: обязательная предварительная инстанция – согласительная комиссия, и после – по неурегулированным вопросам либо неисполнению решений согласительной комиссии – трудовые споры рассматриваются уже в суде.

Исследуя на стадии принятия иска в суд представленные материалы, было установлено, что спор по взысканию заработной платы вытекает из трудовых отношений, но истец в согласительную комиссию не обращался, потому истцу следовало первоначально соблюсти досудебный порядок урегулирования спора в согласительной комиссии АО «А», а в дальнейшем, в случае неразрешения спора, обращаться в суд.

Таким образом, законодательное закрепление последовательного досудебного разрешения спора обязательно должно привести к надлежащей работе и исполнению своих функций именно согласительными комиссиями, не доводя дело до суда.

Поскольку задачами трудового законодательства нашей республики является создание необходимых правовых условий, в том числе, направленных на достижение баланса интересов сторон трудовых отношений, соответственно, не допускается злоупотребление правом, как со стороны работника, так и со стороны работодателя.

В целом, внедрение новшеств в действующем законодательстве зависит от их правильного и грамотного применения в правоотношениях и работодателем, и работником.

БАНКРОТТЫҚҚА ЖҮГІНУ ТӘРТІБІ

2023 жылдың 3 наурызынан бастап Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы заңына сәйкес кредиторлар алдындағы несиелік міндеттемелерді тоқтату үшін жеке тұлғалардың банкроттығына өтініш беріліп жатыр. Енді борышкерлер сот немесе соттан тыс банкроттыққа өтініш бере алады. Бұрын бұны тек заңды тұлғалар ғана жасай алатын.



Ең басты айта кететін жайт, егер азамат банкрот деп танылатын болса, ол алдағы бес жыл бойы жаңадан ақшалай не болмаса мүліктік міндеттемелерді қабылдай алмайды, яғни оған заңмен шектеу қойылған.

Сонымен қатар, азаматты банкрот деп жариялаған соң уәкілетті орган оған қатысты үш жылдың ішінде мониторинг жүргізеді, яғни тұрмыстық, қаржылық тұрақтылығы тексеріледі. Ал егер азамат сот арқылы

банкрот болып танылса, онда оған заңмен көзделген өзге де шектеумен қатар алты ай бойы Қазақстан Республикасы аумағынан шығуға тыйым салынады.

Банкроттықтың шарттары «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заңның 5 және 6-баптарында көрсетілген. Соттан тыс банкроттыққа арыз беру үшін азаматта республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және арыз берілген күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 1600 еселенген мөлшерінен асатын міндеттемелердің болуы (2024 жылға ол 5907200 теңгені құрайды) негіз болып табылады.

Сондай-ақ, ортақ меншіктегі мүлікті қоса алғанда, меншік құқығында мүліктің болмауы; арызда көрсетілген кредиторлар алдындағы міндеттемелер бойынша мұндай арыз берілген күнге қатарынан он екі ай бойы өтеудің болмауы; борышкерге қатысты «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» және «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу және (немесе) өндіріп алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуі шарттарына сәйкес келуі уәкілетті органға соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз беруге негіз болып табылады.

Берешекті реттеуді және (немесе) өндіріп алуды жүргізу жөніндегі шараларды мерзімі өткен берешек туындаған кезден бастап он сегіз айдан аспайтын мерзімдерде жүргізу қажет. Арыз берілген күнге дейін жеті жыл бойы соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімінің қолданылмауы шарттарына сәйкес келуі уәкілетті органға соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз беруге негіз болып табылады. Егер борышкер арыз берілген күннің алдындағы алты ай ішінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы болып табылса, ол арыз беруге құқылы болады. Егер міндеттемелерді орындамау мерзімі арыз берілген күннен бес жылдан асса, осы баптың 1-тармағының

ережелеріне қарамастан (мүліктің болмауы), борышкер арыз беруге құқылы болады.

Сот арқылы банкроттыққа өтініш беру үшін борышкердің міндеттемелері 5907200 теңгеден асуы қажет. Қарыз бір жыл ішінде төленбеуі керек, соттан тыс немесе сот банкроттығы процедурасы жеті жыл ішінде азаматқа қолданылмауы керек. Сондай-ақ, азаматтың мерзімі өткен берешекті реттеу бойынша шаралар қабылдауы маңызды. Кейбір жағдайларда 5907200 теңгеден аз міндеттемелері бар борышкерлер сот банкроттығына өтініш бере алады, ол үшін азаматта мүліктің болуы немесе несиі берушінің жеке тұлға ретінде тіркелуі шарт. Сонымен қатар, сотта тұрақты табысы болған жағдайда қарыздарды бес жылға дейін қайта бөліп төлеуге болады. Бұл жағдайда төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспары қаржы басқарушысымен бірлесіп әзірленеді және сотта бекиді. Осыдан кейін адам банкрот мәртебесін алмайды.

Сот банкроттық рәсімін бастау немесе төлем қабілеттілігін қалпына келтіру үшін тұрғылықты жері бойынша сотқа өтініш беру қажет. Онда кредиторлар алдындағы міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігін негіздеу қажет. Өтінішке соңғы үш жылдағы барлық кредиторлар мен дебиторлардың, азаматтық-құқықтық және (немесе) өзге де міндеттемелердің тізбесі, өтініш бергенге дейін алты айдан кешіктірмей жасалған оны бағалау туралы есепті (ол болған кезде) қоса бере отырып, борышкер мүлкінің тізімдемесі, сондай-ақ азаматтың өтініш бергенге дейін шаралар қабылдағанын растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Ескеретін жайттың бірі – алимент, басқа адамның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша залалды өтеу жөніндегі борыштар есептен шығаруға жатпайды.

**С.ЖУМАШКИНА,
Ақтоғай аудандық
сотының судьясы
Қарағанды облысы**

ОПЛАТА НОТАРИАЛЬНЫХ УСЛУГ

До января 2012 года стоимость услуг частных нотариусов по всему Казахстану отличалась по разным регионам и у разных нотариусов. Однако со внесением изменений в Закон РК «О нотариате» в начале 2012 года, нотариусы были обязаны оказывать нотариальные услуги по единым тарифам.



В настоящее время единый тариф складывается из оплаты за услуги технического и правового характера, а также ставки государственной пошлины, соответствующей размерам госпошлины, установленной ст. 611 Кодекса РК «О налогах и других обязательных платежах в бюджет».

Остановлюсь на тарифах самых востребованных нотариальных услуг.

В соответствии со ст. 30-1 Закона, частный нотариус при совершении нотариальных действий взимает оплату за предоставление дополнительных услуг технического и правового характера в размерах, предусмотренных указанной статьей:

1) при удостоверении договоров об отчуждении недвижимого имущества (земельных участков, жилых домов, квартир, дач, гаражей, сооружений и иного недвижимого имущества) в городской местности: если одной из сторон является юридическое лицо – семь МРП; детям, супругу, родителям, родным братьям и сестрам, внукам – два МРП; другим лицам – пять МРП; если сделка совершается в целях приобретения недвижимого имущества за счет средств, полученных по ипотечному жилищному займу, – два МРП;

2) при удостоверении договоров об отчуждении недвижимого имущества (земельных участков, жилых домов, квартир, дач, гаражей, сооружений и иного недвижимого имущества) в сельской местности:

если одной из сторон является юридическое лицо – два МРП; детям, супругу, родителям, родным братьям и сестрам, внукам – один МРП; другим лицам – два МРП;

3) при удостоверении договоров отчуждения автотранспортных средств:

если одной из сторон является юридическое лицо – пять МРП; детям, супругу, родителям, родным братьям и сестрам, внукам – два МРП; другим лицам – пять МРП;

4) при удостоверении договоров аренды, займа (за исключением договоров ипотечного жилищного займа), задатка, лизинга, подряда, брачных контрактов, раздела имущества, находящегося в общей собственности, раздела наследственного имущества,

соглашений по уплате алиментов, учредительных договоров – пять МРП;

5) при удостоверении договоров ипотечного жилищного займа – два МРП;

6) при удостоверении завещаний – два МРП;

6-1) при удостоверении согласий, для которых законодательством РК предусмотрено обязательное нотариальное удостоверение, – один МРП;

7) при выдаче свидетельств о праве на наследство – три МРП за каждое выданное свидетельство;

8) при выдаче свидетельства о праве собственности на долю в общем имуществе супругов и иных лиц, имеющих имущество на праве общей совместной собственности, – четыре МРП;

9) при удостоверении доверенностей на право пользования и распоряжения имуществом – два МРП;

10) при удостоверении доверенностей на право пользования и управления автотранспортными средствами без права продажи – один МРП;

11) при удостоверении доверенностей на продажу, дарение, мену автотранспортных средств – два МРП;

12) при свидетельствовании верности копий документов и выписок из документов (за страницу): для физических лиц – 0,05 МРП; для юридических лиц – 0,07 МРП;

13) за совершение исполнительной надписи: для физических лиц – 0,2 процента от взыскиваемой суммы или рыночной стоимости истребуемого иного движимого имущества, но не менее 0,5 МРП и не более 50 МРП; для юридических лиц – один процент от взыскиваемой суммы или рыночной стоимости истребуемого иного движимого имущества, но не менее одного МРП и не более 100 МРП.

Расходы, выплаченные взыскателем нотариусу при совершении исполнительной надписи в качестве государственной пошлины и за услуги правового и технического характера, подлежат отнесению на должника.

Также существуют льготы при оплате нотариальных услуг.

От оплаты услуг правового и технического характера при совершении нотариальных действий частным нотариусом освобождаются:

1) физические и юридические лица, самостоятельно изготовившие проект документа, подлежащего нотариальному удостоверению;

2) лица, указанные в ст. 617 Налогового кодекса, а именно:

– ветераны Великой Отечественной войны, ветераны, приравненные по льготам к ветеранам Великой Отечественной войны, и ветераны боевых действий на территории других государств, лица, награжденные орденами и медалями бывшего Союза ССР за самоотверженный труд и безупречную воинскую службу в тылу в годы Великой Отечественной войны, лица, проработавшие (прослужившие) не менее шести месяцев с 22 июня 1941 года по 9 мая 1945 года и не награжденные орденами и медалями бывшего Союза ССР за самоотверженный труд и безупречную воинскую службу в тылу в годы Великой Отечественной войны, лица с инвалидностью, а также один из родителей лица с инвалидностью с детства, ребенка с инвалидностью – по всем нотариальным действиям;

– кандасы – по всем нотариальным действиям, связанным с приобретением гражданства РК;

– многодетные матери, удостоенные звания «Мать-героиня», награжденные подвесками «Алтын алқа», «Күміс алқа», – по всем нотариальным действиям;

– физические лица, страдающие хронической душевной болезнью, над которыми учреждена опека в установленном законодательством РК порядке, – за получение свидетельств о наследовании ими имущества;

– союз «Добровольное общество лиц с инвалидностью Казахстана» (ДОИК), Казахское общество глухих (КОГ), Казахское общество слепых (КОС), а также их производственные предприятия – по всем нотариальным действиям;

– дети-сироты и дети, оставшиеся без

попечения родителей, до достижения ими восемнадцатилетнего возраста – за выдачу им свидетельств о праве на наследство.

3) престарелые и лица с инвалидностью, проживающие в центрах оказания специальных социальных услуг;

4) дети, оставшиеся без попечения родителей, и дети-сироты;

5) лица с инвалидностью первой, второй и третьей групп;

6) пенсионеры по возрасту;

7) взыскатели по требованию, предусмотренному пп. 9) п. 2 ст. 92-1 Закона.

Указанные льготы применяются для граждан, при условии, что они будут иметь при себе подтверждающие их статус документы.

Кроме того, 15 февраля 2021 года в указанную статью Закона был добавлен п. 3, где оплата услуг нотариуса за осуществление консультирования составляет один МРП.

Необходимо добавить, что согласно действующему законодательству, городские тарифы отличаются от сельских. Для жителей сельской местности тарифы на нотариальные услуги ниже. Например, за удостоверение договоров об отчуждении недвижимого имущества (земельных участков, жилищ, дач, гаражей, сооружений и иного недвижимого имущества) в городской местности: если одной из сторон является юридическое лицо, – взимается десять МРП, в сельской местности – один МРП.

С тарифами нотариальных услуг можно ознакомиться на официальном интернет-ресурсе Республиканской нотариальной палаты <http://www.notariat.kz>, территориальных нотариальных палатах, на информационных стендах частных нотариусов, в Единой нотариальной информационной системе.

Салтанат МАМАНОВА,
главный специалист отдела
по праворазъяснительной работе
и оказанию юридических услуг
населению Департамента юстиции
Костанайской области

ЗАН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Ақпарат және
қоғамдық даму министрлігінде тіркелген
Куәлік №KZ79VPY00081542,
2023 жыл, 9 қараша

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе
бермеуі мүмкін

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛАДЫ;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ КЕРЕК;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: +7 702 468 0208, +7 708 929 9874

Теруге 10.1.2024 ж. жіберілді. Басуға 20.1.2024 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 1. Таралым 1360.
Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік
орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,
Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Жазылу индексі: 75849

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны
рәсімдеу мәселелері бойынша:

8 747 995 6347

Жарнама мәселелері бойынша
телефондар:

+7 708 929 9874

E-mail: zanreklama@mail.ru

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления
подписки и издания:

8 747 995 6347

Телефоны для рекламы:

+7 708 929 9874

E-mail: zanreklama@mail.ru